

«НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ»
ДЕРБЕС БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ

Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы

Сауат ашу

1-сынып

Астана, 2016

**Қалыптастырушы бағалауға арналған
тапсырмалар жинағы**

Саят ашу

1-сынып

Аталған тапсырмалар жинағы мұғалімге 1-сынып білім алушыларына «Сауат ашу» пәні бойынша қалыптастырушы бағалауды жоспарлау, үйымдастыру және өткізуге көмек құралы ретінде құрастырылған. Жинақ тапсырмалары оқу бағдарламасы мен оқу жоспарының негізінде дайындалған.

Бағалау критерийлері мен дескрипторлары бар тапсырмалар мұғалімнің үқсас тапсырмаларды құрастыруына, іріктеуіне, білім алушылардың оқу мақсаттарына жету бойынша сындарлы (конструктивті) көріністерге көмектесетін үлгілер болып табылады.

Жинақта ұсынылатын сипаттама білім алушылардың қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін есепке ала отырып, тапсырмаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге, бейімдеуге мүмкіндік береді.

Жинақ бастауыш сынып мұғалімдеріне, әдіскерлерге, критериалды бағалау бойынша өнірлік, мектеп үйлестірушілеріне және басқа да мұдделі тұлғаларға арналған.

Жинақты дайындау барысында ресми интернет-сайттарынан алынған қолжетімді ресурстар (суреттер, мәтіндер, бейне-аудиоматериалдар және т.б.) қолданылды.

Қолданылған шартты белгілер:

* әр тоқсан барысында 2 ортақ тақырып қамтылатынын ескеріп, оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін берілеттін тапсырмалар мазмұнына ортақ тақырыптарды (мүмкіндігінше) кіріктіру ұсынылады.

** бағдарламадағы оқу мақсаттарының бір бөлігі қолданылады.

Мазмұны

1-тоқсан Ортақ тақырып «Өзім туралы», «Менің мектебім»	5
Белім «Тындалым және айтылым»	6
Белім «Оқылым»	17
Белім «Жазылым»	21
2-тоқсан Ортақ тақырып «Менің отбасым және достарым», «Бізді қоршаған әлем».....	27
Белім «Тындалым және айтылым»	28
Белім «Оқылым»	39
Белім «Жазылым»	47
3-тоқсан Ортақ тақырып «Саяхат», «Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті»	57
Белім «Тындалым және айтылым»	58
Белім «Оқылым»	69
Белім «Жазылым»	79
4-тоқсан Ортақ тақырып «Тағам және сусын», «Дені саудың – жаны сау»	85
Белім «Тындалым және айтылым»	86
Белім «Оқылым»	97
Белім «Жазылым»	108

1-тоқсан

**Ортақ тақырып
«Өзім туралы», «Менің мектебім»**

Бөлім «Тыңдалым және айтылым»

Бөлімше 1.1 «Тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну»

Оқу мақсаты:

1.1.1.1 Тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем, мәтін) ажырату, тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну.

Ойлау дағдыларының деңгейі:

Білу және түсіну
Қолдану

Бағалау критерийі:

Білім алушы

- Сөз, сөйлем, мәтінді ажыратады.
- Сөйлеу барысында тілдік бірліктерді орынды қолданады.
- Тыңдалған мәтіннің мазмұнын айтады.

Тапсырма

Жұмбақтарды мұқият тыңдаңыз.

Аяғы бар, жүрмейді,
Аузы бар, күлмейді.
Айнымайды бөпемнен,
Тек сөйлеуді білмейді.
Бұл не?

Ұшып-қонып тынбайды,
Қанша ұрсаң да
сынбайды.
Суға салсаң батпайды,
Түскен жерде жатпайды.
Бұл не?

Үрлесең жеп-жеңіл,
Еллілдеп кетеді.
Ұшырсаң көк теңбіл,
Бұлтқа да жетеді.
Бұл не?



Шешуі: ()



Шешуі: ()



Шешуі: ()

- Жұмбақтың шешуін қандай сөздер/сөйлемдер арқылы табуға болады?
Түсіндіріңіз.
- Жұмбақтардың шешуін қатыстырып сөйлем құрастырыңыз.

Дескриптор: Білім алушы

- жұмбақтардың шешуін табады;
- жұмбақтың шешуін табуға қатысты сөздер мен сөйлемдерді атайды;
- жұмбақтардың шешуін қатыстырып, сөйлем құрастырады.

Бөлімше 1.2 «Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау»

Оқу мақсаты: 1.1.2.1 Мұғалімнің көмегімен мәтінде (кім? не?) туралы айтылғанын анықтау.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Білу және түсіну
Қолдану

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Тыңдалған мәтіннің кім/не туралы екенін анықтайды.
- Мәтіннің мазмұнын сурет арқылы көрсетеді.

Тапсырма

Өлеңді мұқият тыңдаңыз. Өлеңде не туралы айтылған? Суреттен белгілеп көрсетіңіз.

Добым, добым, домалақ,
Тоқтамайсың домалап.
Үстел үстін бүлдірдің,
Тәрелкені сындырдың.
Тентек болып кеттің деп,
Тұрмын сені текпім кеп.

(Ұ. Есдәuletov)



Дескриптор: *Білім алушы*

- мәтіннің не туралы екенін анықтайды;
- мәтінге сәйкес суретті белгілейді.

Бөлімше 1.3 «Тыңдалған материалды мазмұндау»

Оқу мақсаты: 1.1.3.1 Мұғалімнің көмегімен оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау.

Ойлау дағдыларының Қолдану деңгейі:

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Оқиғаның ретін анықтайды.
- Мәтіннің мазмұнын жүйелі баяндайды.

Тапсырма

Мәтінді мұқият тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Әсет пен Әлияның үйі қалада. Олардың ата-әжесі ауылда тұрады.

Биыл жазғы демалыста олар ауылға барды. Бір күні әжесі Әсепті іздеп, таба алмады. Әжесі Әлиядан:

- Қызым, Әсепті көрдің бе? - деп сұрады.
- Әсет хайуанаттар бағында жүр. Енді ол кешке дейін сол жақтан шықпайды,- деді Әлия.

- Балалар қайда келді?
- Әжесі Әлиядан не сұрады?
- Әлияның «хайуанаттар бағы» деп тұрғаны не деп ойлайсыз? Ойынызбен бөлісініз.
- Жұпта бір-бірінізге мәтіннің мазмұнын айтып беріңіздер.

Дескриптор: *Білім алушы*

- мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді;
- сұраққа қатысты өз ойын айтады және түсіндіреді;
- мәтінді жүйелі мазмұндайды.

Бөлімше 1.4 «Оқиғаны болжау»

Оқу мақсаты: 1.1.4.1. Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Қолдану

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Тақырып арқылы мәтіннің не туралы болуы мүмкін екендігін айтады.
- Иллюстрация бойынша мәтіннің мазмұнын болжап әңгімелейді.

Тапсырма

Суреттерге мұқият қараңыз. Тақырыбын оқыңыз. Сурет бойынша әңгіме құрастырыңыз. Ары қарай не болады деп ойлайсыз?

Қамқорлық



Дескриптор: *Білім алушы*

- берілген тақырыпқа қатысты ой бөліседі;
- сурет бойынша сөйлемдер құрастырады;
- оқиғаның соңын болжап айтады.

Бөлімше 1.5 «Түрлі жағдаяттарда тілдік нормаларды дұрыс қолдану»

Оқу мақсаты:	1.1.5.1 Түрлі жағдаяттарда этикет сөздерін қолдана білу.
Ойлау дағдыларының деңгейі:	Білу және түсіну Қолдану
Бағалау критерийі:	Білім алушы <ul style="list-style-type: none">Сыпайы сөздерді атайды.Түрлі жағдаяттарда сыпайы сөздерді қолданады.

Тапсырма

Берілген өлең шумақтарын мұқият тындаңыз. Өлеңдегі сұрақтарға жауап беріңіз.

Кешіріңіз	Не деу керек?	Рұқсат па?
Апаң сенің базардан, Алма сатып әкелді. Ең үлкенін, жақсысын, Саған таңдап әперді. Не деп барып жеу керек?	Добын апар Назардың, Деді ағаң бармадың. Тапжылмадың, сазардың, Аға тілін алмадың. Сен қай сөзді айтпадың?	Сәлем
Балалар жүр көшеде, Естіледі шу-айқай. Сен де шықтың, көршиңді Қағып кеттің байқамай. Мұндайда не деу керек?	Әжең сенің түскі асқа, Қант-көмпіт салды мол. Жүрттан бұрын ыдысқа, Өз бетіңмен салдың қол. Не дегенің жөн еді?	Көмекте сейін
Осы көлген бетінде, Допты қудың жарыстың, Көшениң сол шетінде, Кезікті бір танысың. Ұмыттың сен не деуді?	Үй артында қоқысты, Жатқан көптен үйіліп. Тазалайды қарт кісі, Белі зорға иіліп. Не дегенің жөн еді?	Рақмет

Дескриптор: *Білім алушы*
-өлеңде ұсынылған жағдаятты талқылайды;
- өлеңнің мазмұнына қатысты сыпайы сөздерді атайды.

Бөлімше 1.6 «Тыңдаушының назарын аудару»

Оқу мақсаты:	1.1.6.1. Сөйлеу барысында сипаттау/салыстыру сөздерін, вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл), дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті қолдану.
Ойлау дағдыларының деңгейі:	Қолдану
Бағалау критерийі:	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">Сөйлеу барысында дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті сақтайды.Мәтінің мазмұнын қимылдың, ым-ишараның көмегімен жеткізеді.Сөйлеу барысында сипаттау/салыстыру сөздерін қолданады.

Тапсырма

Диалогті мұқият тыңдаңыз.

- Сенің атың кім?
- Менің атым – Марғұлан.
- Сен неше жастасың?
- Мен алты жастамын.
- Сен ше?
-

Жұптық жұмыс.

Диалогке сүйеніп, досыңызға сұрақ қойыңыз. Сұрақ арқылы

- досыңыздың анасының аты кім екенін;
 - отбасында неше адам бар екенін;
 - сүйікті ойыншығы қандай екенін;
 - қандай ойынды ұннататынын анықтаңыз.
- ✓ Сөйлесудің нәтижесі бойынша досыңызды сыныпқа таныстырыңыз. Таныстыру барысында басқалардың назарын аудару үшін дауыс ырғағын, ым-ишараны қолданыңыз.

Дескриптор: *Білім алушы*

- жұбына сұрақ қоя отырып, диалогке қатысады;
- жинаған ақпараты бойынша досын таныстырады;
- тыңдаушының назарын аудару үшін дауыс ырғағын, қимылды, ым-ишараны қолданады.

Бөлімше 1.7 «Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айту»

Оқу мақсаты: 1.1.7.1. Тыңдалған мәтінге өз көзқарасын жай сөйлеммен білдіру (ұнайды/ ұнамайды).

Ойлау дағдыларының деңгейі: Қолдану
Бағалау

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Мәтінге қатысты пікірін айтады.
- Өз көзқарасын түсіндіреді.

Тапсырма

Мәтінді мұқият тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Айдар бірінші сыныпта оқиды. Оның Мойнақ деген күшігі бар. Ол күнде Айдарға ілесіп, мектепке барады. Айдар сабақтан шыққанша есіктің алдында күтіп отырады.

Бір күні Айдар Мойнаққа өзінің сәмкесін беріп қойды. Мойнақ сәмкені тістеп алып, Айдарға ілесіп келе жатқан. Кенет жолдың шетінде жатқан сүйекті байқап қалды. Ол сәмкені тастай салып, сүйекке жармасты. Айдар бұған таңдана қарады.

- Мәтін кім/не не туралы?
- Мәтіннің қай бөлігінде құлқініз келді?
- Мәтін сізге ұнады ма, ұнамады ма? Неліктен?

Дескриптор: *Білім алушы*

- мәтін бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді;
- мәтінге қатысты көзқарасын айтады;
- өз ойын түсіндіреді.

Бөлімше 1.8 «Берілген тақырыпқа әңгіме құрап айту»

Оқу мақсаты: 1.1.8.1 Берілген сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айтуды.


Ойлау дағдыларының Қолдану деңгейі:

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Сюжетті суреттерді сипаттайтынды.
- Сюжетті суреттерді реті бойынша әңгіме құрастырып айтады.

Тапсырма

Сурет бойынша «Менің күн тәртібім» тақырыбына шағын әңгіме құрастырыңыз.



Дескриптор: *Білім алушы*

- өзінің күн тәртібі туралы айтады;
- сөйлеу барысында өз ойын жүйелі жеткізеді.

Бөлімше 1.9 «Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айтуда

Оқу мақсаты:

1.1.9.1 Сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жінішке дауыстылар) ажырату және дұрыс дыбыстау.

Ойлау дағдыларының деңгейі:

Білу және түсіну
Қолдану


Бағалау критерийі:

Білім алушы

- Сөздегі дыбыстардың түрлерін (дауысты/дауыссыз, жуан және жінішке дауыстылар) анықтайды.
- Дыбыстарды дұрыс айтады.

Тапсырма

Суреттегі заттарды атаңыз. Сөзде неше дыбыс бар? Сөздегі дауысты дыбыстарды қызыл түспен, дауыссыз дыбыстарды көк түспен бояңыз және атаңыз.



Дескриптор: *Білім алушы*

- суреттегі заттарды атайды;
- сөздегі дыбыс санын анықтайды;
- сөздегі дауысты дыбыстарды анықтайды және сәйкес түспен бояйды;
- сөздегі дауыссыз дыбыстарды анықтайды және сәйкес түспен бояйды;
- дыбыстарды дұрыс атайды.

Бөлімше 1.9 «Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту»

Оқу мақсаты:	1.1.9.2 Дыбыстардың мағына ажыратушылық қызметін түсіну.
Ойлау дағдыларының деңгейі:	Білу және түсіну Қолдану
Бағалау критерийі:	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">Сөздегі өзгерген дыбыстарды атайды.Дыбыстың сөз мағынасын өзгертуге қатыстырылығын түсіндіреді.

Тапсырма

Берілген сөз жүптарын мұқият тыңдаңыз. Не байқадының? Өзгерген дыбыстарды атаңыз. Сөздердің мағынасын түсіндіріңіз.

МАЛ - ТАЛ	НАР – ШАР - ҚАР
АРА - ОРА	ТӨЛ - КӨЛ - ШӨЛ
ТАҢ - ШАҢ	САБАҚ -ТАБАҚ - ҚАБАҚ

- Өзіңіз мысал келтіріп айтыңыз.

Дескриптор:	<i>Білім алушы:</i>
	<ul style="list-style-type: none">- сөздегі өзгерген дыбыстарды атайды;- сөздердің мағынасын түсіндіреді;- өздігінен мысал келтіреді.

Бөлімше 1.9 «Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту»

Оқу мақсаты: 1.1. 9.3 Сөздің буыннан түратынын түсіну және сөздегі буын санын анықтау.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Білу және түсіну
Қолдану

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Сөздің буынға бөледі және сызбамен көрсетеді.
- Сөздегі буын санын анықтайды.

Тапсырма

Заттардың атауларын буынға бөліп айттыңыз. Сөзде неше буын бар? Сызбамен көрсетіңіз.



Дескриптор: *Білім алушы*

- заттың атауын буынға бөліп айтады;
- буынды сызбамен көрсетеді;
- сөздегі буын санын айтады.

Бөлім «Оқылым»

Бөлімшес 2.1 «Оқу түрлерін қолдану»

Оқу мақсаты: 1.2.1.1 Сөз/сөйлем сыйбасын оқу.

**Ойлау дағдыларының Қолдану
денгейі:**

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Сөздерді сыйбалармен сәйкестендіреді.
- Сыйбамен берілген сөйлемдерді оқиды.

Тапсырма

Берілген сыйбаларға мүқият қараңыз. Суреттерді пайдаланып, сыйба бойынша сөз/сөйлем құрастырыңыз.

.

?

 .

Дескриптор: *Білім алушы:*

- сыйбадағы сөз санын анықтайды;
- сыйбаға сәйкес сөйлемдер құрастырады;
- берілген сыйба бойынша сөйлемдерді оқиды.

Бөлімше 2.5 «Мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу»

Оқу мақсаты: 1.2.5.1 Мәтін иллюстрациясы бойынша сұрақтар қоя білу немесе оқығаны бойынша қойылған сұраққа жауап беру (мұғалім көмегімен).


Ойлау дағдыларының деңгейі: Қолдану

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Иллюстрация бойынша сұрақ қояды.
- Иллюстрация бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді.

Тапсырма

Жұптық жұмыс. Суретке мүқият қараңыз. Сурет бойынша бір-біріңізге сұрақ қойыңыз және жауап беріңіз.



Дескриптор: *Білім алушы*

- иллюстрацияның мазмұны бойынша сұрақ қояды:
- қойылған сұрақтарға жауап береді.

Бөлімше 2.1 «Оқу түрлерін қолдану»

Оқу мақсаты:	1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындаған оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.
Ойлау дағдыларының деңгейі:	Қолдану
Бағалау критерийі:	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">• Буындаған немесе тұтас сөздермен оқиды.• Түсініп оқиды.

Тапсырма

Сөздерді оқыңыз және сәйкес суреттермен байланыстырып сыйыңыз.



Дескриптор: *Білім алушы*

- сөздерді буындаған немесе тұтас оқиды;
- сөздерді сәйкес суреттермен байланыстырып сыйады.

Бөлімше 2.5 «Мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу»

Оқу мақсаты:	1.2.9.1. Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру.
Ойлау дағдыларының деңгейі:	Қолдану
Бағалау критерийі:	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">• Әріптерді таниды және ажыратады.• Әріпті дыбыспен сәйкестендіріп оқиды.

Тапсырма

Берілген сөздерді оқыңыз. Көп нүктенің орнына қай әріпті қоюға болады?
Сол әріпті қоршап сыйзыңыз.



ДО ... БЫРА

(Н, М, Н)

К ... РП

(Ы, І)

К ... ШК

(Ұ, Ү)

КҰЛ ... Н

(Ы, Ү)

Дескриптор:

Білім алушы

- сөздерді дұрыс оқиды;
- көп нүктенің орнына қойылатын әріпті анықтайды және белгілейді.

Бөлім «Жазылым»

Бөлімше 3.3 «Жоспар құру»

Оқу мақсаты: 1.3.3.1 Мұғалім көмегімен мәтінге суреттер, сызбалар арқылы жоспар құрып, оған ат (тақырып) қою.

Ойлау дағдыларының дәңгейі: Қолдану

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Оқиғаның ретін анықтай отырып мәтінге суреттер/сызбалар арқылы жоспар құрады.
- Мәтінге ат (тақырып) қояды.

Тапсырма

Мәтінді мұқият тындаңыз. Берілген үлгіні жалғастыра отырып, мәтінге сурет немесе сызбаның көмегімен жоспар құрыңыз.

Оқушылар мектепке келді. Қоңырау соғылды. Балалар сыныпқа кірді. Анар қаламын алды. Сапар сыйзышын дайындауды.

Мұғалім келді. Оқушылар орындарынан тұрып, сәлемдесті. Сабак басталды.

1			
2			
3			

- Мәтінге ат қойыңыз.

Дескриптор: *Білім алушы*

- мәтінді оқиғаның ретіне қарай бөліктерге бөледі;
- мәтіннің бөліктерін суретпен немесе сызбамен бейнелеп көрсетеді;
- мәтінге ат қояды.

Бөлімше 3.4 «Оқыған/тыңдаған материалдың мазмұнын жазу»

Оқу мақсаты: 1.3.4.1. Мұғалім көмегімен оқыған/тыңдаған мәтіндердегі ақпаратты сурет, сызба, белгілер қолданып жеткізу.

Ойлау дағдыларының Қолдану деңгейі:

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Мәтіндегі оқиғаның ретін анықтайды.
- Мәтінге қатысты ақпаратты сурет/сyzба/белгілерді қолданып жеткізеді.

Тапсырма

Мәтінді мүқият тыңдаңыз.

Жақында біздің сыныпта суретшілер байқауы болды. Оған бәріміз қуана қатыстық. Маржан қырышқытың суретін салды. Талғат тракторды бейнеледі. Саят көтергіш кранның, ал Аяулым гүлдердің суретін салыпты. Мен мектептің суретін салдым. Салған суреттерімізді сыныптың қабырғасына іліп қойдық.

- Суретшілер байқауына кім қандай сурет салды? Мәтіннің мазмұны бойынша берілген сөздер мен суреттерді байланыстырып сыйыңыз.



- Бос орынға әңгімелемеуші баланың салған суретін салыңыз.

Дескриптор: *Білім алушы*

- мәтінге сүйеніп, берілген сөздер мен суреттерді сәйкестендіреді;
- бос орынға әңгімелемеушінің салған суретін салады.

Бөлімше 3.8 «Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау»

Оқу мақсаты: 1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сзызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.


Ойлау дағдыларының Қолдану деңгейі:

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Әріп элементтерін дұрыс байланыстырып салады.
- Сөздерді каллиграфиялық талаптарға сай жазады.

Тапсырма

Берілген әріптің жазылуына мүқият қараңыз. Жазу жолына суреттің атауын жазыңыз.



Дескриптор: *Білім алушы*

- әріп элементтерін дұрыс салады;
- әріpterді бір-бірімен байланыстырып жазады;
- жазу жолын сақтайды;
- сөзді сауатты, көркем жазады.

Бөлімше 3.10 «Грамматикалық нормаларды сақтау»

Оқу мақсаты: 1.3.10.1 Заттың атын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздерді ажырату және орынды қолдану.

Ойлаудағыларының қолдану деңгейі:

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Заттың аты мен санын білдіретін сөздерді ажыратады.
- Заттың аты мен санын білдіретін сөздерді қолданады.

Тапсырма

Суреттерге мүқият қараңыз. Заттың атауына санын қосып айтыңыз. Төмендегі кестені толтырыңыз.



Қанша?	Не?
бір	...
...	қонжық
жеті	
...	қуыршақ
алты	...
...	машина
...	көжек

Дескриптор: *Білім алушы*

- заттардың атауын санымен байланыстырып айтады;
- заттың аты мен санын білдіретін сөздерді жазады.

Бөлімше 3.10 «Грамматикалық нормаларды сақтау»

Оқу мақсаты: 1.3.10.2 Тәуелдік және жіктік жалғауларының қарапайым формаларын (терминсіз) қолдану.

Ойлау дағдыларының қолдану деңгейі:

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Тәуелдік жалғауларын дұрыс қолданады.
- Жіктік жалғауларын дұрыс қолданады

Тапсырма

Суреттерге мүқият қараңыз. Шарларда жазылған сөздерді суреттермен сәйкестендіріп айтыңыз.



- Суретке сүйене отырып, көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойып жазыңыз.
 - ... оқушысың.
 - ... дәптерім.

Дескриптор: *Білім алушы*

- сөздерді суреттермен дұрыс байланыстырып айтады;
- сөзге тәуелдік жалғауларын дұрыс жалғайды;
- сөзге жіктік жалғауларын дұрыс жалғайды;
- көп нүктенің орнына тиісті сөздерді жазады.

Бөлімше 3.11 «Пунктуациялық нормаларды сақтау»

Оқу мақсаты: 1.3.11.1 Сөйлемді бас әріпpen бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Қолдану

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Сөйлемнің сызбасын құрады.
- Сөйлемді бас әріптен бастап жазады.
- Сөйлем соңына тыныс белгілерін дұрыс қояды.

Тапсырма

Сурет бойынша сөйлем құрастырыңыз. Сөйлемді сызба түрінде жазыңыз. Сөйлемнің соңына тиісті тыныс белгісін қойыңыз.



Дескриптор: *Білім алушы*

- сурет бойынша сөйлем құрастырып, сызбамен жазады;
- сөйлемді бас әріптен бастап жазады;
- сөйлемнің соңына тиісті тыныс белгісін қояды.

2-тоқсан
Ортақ тақырып
«Менің отбасым және досстарым»,
«Бізді қоршаған әлем»

Бөлім «Тыңдалым және айтылым»

Бөлімше 1.1 «Тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну»

Оқу мақсаты:

1.1.1.1 Тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем, мәтін) ажырату, тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну.

Ойлау дағдыларының деңгейі:

Білу және түсіну
Қолдану

Бағалау критерийі:

Білім алушы

- Сөз, сөйлем, мәтінді ажыратады. .
- Сөйлеу барысында тілдік бірліктерді орынды қолданады.
- Тыңдалған мәтіннің мазмұнын айтады.

Тапсырма

Мәтінді мұқият тыңдаңыз.

Менің Қаламқас дейтін қарындастым бар. Ол төрт жаста. Мен оны өте жақсы көремін. Қаламқасты ойнатамын. Түрлі ойыншықтар жасап беремін. Оған сурет салуды үйретіп жүрмін.

Қаламқас тақпақ айтуды ұнатады. Ол мені жақсы көреді.

- Мәтінде қанша сөйлем бар?
- Мәтінге сүйеніп, берілген сызба бойынша сөйлем құрастырып айтыңыз.


Мәтіннің мазмұнын айтыңыз.

Дескриптор:

Білім алушы

- мәтіндеңі сөйлемдердің санын анықтайды;
- мәтіннің негізінде сызба бойынша сөйлем құрастырады;
- мәтіннің мазмұнын жүйелі айтады.

Бөлімше 1.2 «Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау»

Оқу мақсаты: 1.1.2.1 Мұғалімнің көмегімен мәтінде (кім? не?) туралы айттылғанын анықтау.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Білу және түсіну
Көлдану

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Тыңдалған мәтіннің кім/не туралы екенін анықтайды.
- Мәтіннің мазмұнын сурет арқылы көрсетеді.

Тапсырма

Мәтінді мұқият тыңдаңыз.

Ұзақ пен қарға

Ұзақ пен қарғаны ажырата аласыз ба? Ұзақтың денесі қарғадан кіші және түсі қап-қара. Тек мойнының тұсы сұр болып келеді. Ұзақ - жыл құсы.

Қарғаның бүкіл денесі сұр түсті. Ал басы, мойны және қанаттары қара түсті болып келеді. Қарға - отырықшы құс.

- Мәтін не туралы?
- Мәтін бойынша құстарды сипаттаңыз.
- Суреттерге мұқият қаралыңыз. Мәтіндегі сипаттамаға сүйеніп, суреттің астына құстың атауын жазыңыз.



Дескриптор: *Білім алушы*

- мәтіннің не туралы екенін анықтайды;
- мәтінге сүйеніп, құстарды сипаттап айтады;
- сипаттамасы бойынша құстарды ажыратады және суретін анықтайды;
- суреттің астына құстың атауын жазады.

Бөлімше 1.3 «Тыңдалған материалды мазмұндау»

Оқу мақсаты: 1.1.3.1. Мұғалімнің көмегімен оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Қолдану




Бағалау критерийі: *Білім алушы*
• Мәтіннің мазмұнын жүйелі баяндайды.

Тапсырма

Ертегіні тыңдай отырып, суреттердің ретін анықтаңыз. Нөмірлеп көрсетіңіз.

Екі әтеш (Ертеғі)

Ертеде бір шал мен кемпірдің екі әтеші болыпты. Бір күні кемпір оларға жем шашыпты. Әтештер жемді жей бастапты. Шұбар әтеш жемді қызғанып, сүр әтешті қайта-қайта шоқи беріпті. Ұзалаңған сүр әтеш те оны шоқып алғыпты. Содан соң екеуі тәбелесе кетіпті. Олар бір-бірімен таласып жатқанда, көрші үйдің балапандары келіп, жемнің бәрін жеп қойыпты.



- Суретке сүйеніп, мәтіннің мазмұнын айтыңыз.

Дескриптор: *Білім алушы*

- мәтіннің мазмұны бойынша суреттердің ретін анықтайады;
- мәтінді жүйелі мазмұндайды.

Бөлімше 1.4 «Оқиғаны болжау»

Оқу мақсаты: 1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.

Ойлау дағдыларының Қолдану деңгейі:

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Тақырып арқылы мәтіннің негізгі туралы болуы мүмкін екендігін айтады.
- Иллюстрация бойынша мәтіннің мазмұнын болжап әңгімелейді.

Тапсырма

Суретке мұқият қараңыз. Тақырыбы бойынша әңгіме құрастырыңыз. Оқиға немен аяқталуы мүмкін?



Дескриптор: *Білім алушы*

- берілген тақырыпқа қатысты әңгіме құрастырады;
- суретке сүйеніп, оқиғаның соңын болжайды;
- өз ойын жүйелі жеткізеді.

Бөлімше 1.5 «Түрлі жағдаяттарда тілдік нормаларды дұрыс қолдану»

Оқу мақсаты: 1.1.5.1 Түрлі жағдаяттарда этикет сөздерін қолдана білу.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Қолдану

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Сыпайы сөздерді атайды.
- Түрлі жағдаяттарда сыпайы сөздерді қолданады.

Тапсырма

Суреттерге мүқият қараңыз. Бұл жағдаяттарда қандай сыпайы сөздерді қолдану керек?



- Сурет бойынша жұпта диалог құрастырыңыз.

Дескриптор: *Білім алушы*
- сурет бойынша диалог құрастырады;
- сыпайы сөздерді орынды қолданады.

Бөлімше 1.6 «Тыңдаушының назарын аудару»

Оқу мақсаты: 1.1.6.1 Сөйлеу барысында сипаттау/салыстыру сөздерін, вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл), дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті қолдану).

Ойлау дағдыларының деңгейі: Қолдану

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Сөйлеу барысында дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті сақтайды.
- Мәтінің мазмұнын қимылдың, ым-ишараның көмегімен жеткізеді.
- Сөйлеу барысында сипаттау/салыстыру сөздерін қолданады.

Тапсырма

Өлеңді мүқият тыңдаңыз.

Кім қайда барады?

- Атай, қайда барасыз?
- Немереме базардан
Қауын қарбыз әкелем.
- Әжей, қайда барасыз?
- Немереме қыздардан
Сағыз сұрап әперем.
- Ағай, қайда барасыз?
- Балам жақсы көретін
Қарап жүрмін күшік мен.
- Апай, қайда барасыз?
- Балам қыста киетін
Іздел жүрмін ішік мен.
- Бала қайда барасың?
- Алаңқайға барамын,
Доп ойнауға жарадым!

(Е. Өтетілеуұлы)

Жұптық жұмыс. Өлеңнің мазмұнын диалог түрінде әңгімелеп беріңіздер.

Дескриптор: *Білім алушы*

- өлеңнің мазмұны бойынша диалог құрастырады;
- диалогке қатысу барысында сөйлеу мәнерін келтіреді, ым-ишараны қолданады.

Бөлімше 1.7 «Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айтуда

Оқу мақсаты: 1.1.7.1 Тыңдалған мәтінге өз көзқарасын жай сөйлеммен білдіру (ұнайды/ ұнамайды).

Ойлау дағдыларының деңгейі: Қолдану
Бағалау

Бағалау критерийі: *Білім алушы*
• Мәтінге қатысты пікірін айтады.
• Өз көзқарасын түсіндіреді.

Тапсырма

Мәтінді мұқият тыңдаңыз.

Марат пен Нұрлан тоғайға барды. Олар бұта арасынан ұя тауып алды. Ұяда балапандар бар екен. Олар балалардан қорқып шиқылдай бастады.

Бір кезде балапандардың енесі ұшып келді. Бірақ ұясына қонбай, балалардың үстінен айнала ұшып жүрді. Балалар ұяның қасынан кетіп қалды.

- Мәтін не туралы?
- Құс неліктен ұясына қонбады?
- Балалар ұяның қасынан неге кетіп қалды деп ойлайсыз?
- Балалардың іс-әрекеті дұрыс па? Неліктен?

Дескриптор: *Білім алушы*
- мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;
- мәтінге қатысты пікірін айтады және себебін түсіндіреді.

Бөлімше 1.8 «Берілген тақырыпқа әңгіме құрап айту»

Оқу мақсаты: 1.1.8.1 Берілген сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айтуды.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Қолдану

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Сюжетті суреттерді сипаттайтын;
- Сюжетті суреттерді реті бойынша әңгіме құрастырып айтады.

Тапсырма

Суреттерге мүқият қараңыз. Сурет бойынша әңгіме құрастырыңыз. Жұпта әңгімеленіз.



Дескриптор: *Білім алушы*

- сюжетті суреттер бойынша шағын әңгіме құрастырады;
- мәтінді жүйелі әңгімелейді.

Бөлімше 1.9 «Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту»

Оқу мақсаты: 1.1.9.1 Сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажырату және дұрыс дыбыстау.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Қолдану

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Сөздегі дыбыстардың түрлерін (дауысты/дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) анықтайты.
- Дыбыстарды дұрыс айтады.

Тапсырма


Берілген сөздерді мүқият тыңдаңыз. Сөздегі әр дыбыстың дауысты немесе дауыссыз екенін айтыңыз және сәйкес белгіні көтеріңіз.



ТҮЛКІ



ҚАРБЫЗ



КИТАП



- дауысты дыбыс



- дауыссыз дыбыс

Дескриптор: *Білім алушы*

- дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтайты;
- дыбыстарды дұрыс атайды;
- дауысты дыбыстарды сәйкес белгімен көрсетеді;
- дауыссыз дыбыстарды сәйкес белгімен көрсетеді.

Бөлімше 1.9 «Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту»

Оқу мақсаты: 1.1.9.2 Дыбыстардың мағына ажыратушылық қызметін түсіну.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Білу және түсіну
Қолдану


Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Сөздегі өзгерген дыбыстарды атайды.
- Дыбыстың сөз мағынасын өзгертуге қатыстылығын түсіндіреді.

Тапсырма

Өлеңді мүқият тыңдаңыз. Жасырын сөздерді тауып айтыңыз. Сөздердің мағынасын өзгертіп түрған дыбыстарды атаңыз.

Маған да, саған да,
Жақын туыс бес адам.
Үш әріптен тұратын.
Оңға оқы, солға оқы
Өзгермейді еш одан.
Бәріне де ең жақын
Айтады, қане, кім атын?



Дескриптор: *Білім алушы*

- туыстық атауларды білдіретін сөздерді дұрыс айтады;
- өзгерген дыбыстарды анықтайды және атайды.

Бөлімше 1.9 «Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту»

Оқу мақсаты: 1.1.9.3 Сөздің буыннан түратынын түсіну және сөздегі буын санын анықтау.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Білу және түсіну
Қолдану

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Сөзді буынға бөледі және сызбамен көрсетеді.
- Сөздегі буын санын анықтайды.

Тапсырма

Заттардың атауын буынға бөліп айттыңыз. Буынды сызбамен көрсетіңіз. Сөзде неше буын бар? Буынның санын цифрен мен жазыңыз.



Дескриптор: *Білім алушы*

- заттың атауын буынға бөліп айтады;
- сөзді буынға бөлу сызбасын көрсетеді;
- сөздегі буын санын анықтап, жазады.

Бөлім «Оқылым»

Бөлімшө 2.1 «Оқу түрлерін қолдану»

Оқу мақсаты: 1.2.1.1 Сөз/сөйлем сызбасын оқу.

Ойлау дағдыларының қолдану деңгейі:

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Сөздерді сызбалармен сәйкестендіреді.
- Сызбамен берілген сөйлемдерді оқиды.

1-тапсырма

Берілген суреттерді атаңыз. Сызбаға сәйкес келетін суреттерді тауып, белгілеңіз. Сөзді сызба бойынша түсіндіріңіз.




Дескриптор: *Білім алушы*

- суреттерді таниды және атайды;
- сызбаға сәйкес суреттерді белгілейді;
- сызба бойынша сөзді түсіндіреді.

2-тапсырма

Суретке мүқият қараңыз. Сурет бойынша сызбаға сәйкес сөйлемдер құрастырыңыз және оқыңыз.



Дескриптор: *Білім алушы*

- сурет бойынша сызбаға сәйкес сөйлемдер құрастырады;
- сызбамен берілген сөйлемдерді оқиды.

Бөлімше 2.2 «Оқылған мәтіннің мазмұнын түсіну»

Оқу мақсаты: 1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындал оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Қолдану

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Буындал немесе тұтас сөздермен оқиды.
- Түсініп оқиды.

Тапсырма

Сөздер мен суреттерді байланыстыра отырып, мәтінді дауыстап оқыңыз.



Атай



ә-кел-ді. Тор-ғай-ды



ал-ды-на



о-тыр-ғызы-ды. Оған



берді.

жемді жеді.

Дескриптор: *Білім алушы*

- сурет пен сөзді дұрыс байланыстырады.
- сөйлемдерді буындал немесе тұтас сөздермен оқиды;

Бөлімше 2.2 «Оқыған мәтіннің мазмұнын түсіну»

Оқу мақсаты: 1.2.2.1 Мәтінде автордың кім (не) туралы айтқысы келгенін түсіну.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Қолдану
Анализ

Бағалау критерийі: *Білім алушы*
• Мәтіннің тақырыбын анықтайды.
• Автордың ойын болжап айтады.

Тапсырма

Мәтінді түсініп оқыңыз.

Сәуленің әжесі бар. Әжесі Сәулеге шәлі тоқып берді. Шәлі жылы.

Ол әдемі және сәнді. Сәуле шәліні басына тартты. Ол қуанды.

- Мәтінде не туралы айттылған?



A



B



C



D

- Шәліні кім тоқыды?
A) анасы
B) әпкесі
C) әжесі
D) тәтесі
- Шәлі қандай?
A) жылы
B) үлкен
C) ұзын
D) кішкентай
- Мәтін арқылы автор не айтқысы келді деп ойлайсыз?

Дескриптор: *Білім алушы*
-мәтіннің тақырыбын анықтайды;
-мәтіндегі негізгі ақпараттарды табады;
-мәтіннің мазмұнына сүйеніп, автордың ойын түспалдайды.

Бөлімше 2.4 «Мәтіндегі сөздердің мағынасын түсіну»

Оқу мақсаты: 1.2.4.1 Мұғалімнің көмегімен қарама-қарсы мағыналы, мәндес, көп мағыналы сөздердің мағыналарын ажырату.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Білу және түсіну
Қолдану

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Сөздердің лексикалық мағыналарын ажыратады.
- Мәндес сөздерді анықтайды.
- Қарама-қарсы мағыналы сөздерді табады.

1-тапсырма

Сөздерді оқыңыз және суретпен сәйкестендіріңіз.

- әтеш
- жылқы
- окушы
- қораз
- шәкірт
- ат



Дескриптор: *Білім алушы*

- сөздердің мағынасын анықтайды;
- мәндес сөздерді табады және суретпен сәйкестендіреді.

2-тапсырма

Берілген сөздерді оқыңыз. Сөздерді суретпен сәйкестендіріңіз. Суретке сүйеніп, берілген сөзге қарама-қарсы мағыналы сөз жазыңыз.

Улкен

ұзын

білік



Дескриптор: *Білім алушы*

- сөздерді мағынасына сәйкес суретпен байланыстырып сызды;
- берілген сөзге қарсы мағыналы сөзді жазады.

Бөлімше 2.5 «Мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу»

Оқу мақсаты: 1.2.5.1 Мәтін иллюстрациясы бойынша сұрақтар қоя білу немесе оқығаны бойынша қойылған сұраққа жауап беру (мұғалім көмегімен).

Ойлау дағдыларының Қолдану деңгейі:

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Мәтіннің иллюстрациясы бойынша сұрақ қояды.
- Иллюстрация бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді.

Тапсырма

Сурет бойынша жұпта бір-біріңізге сұрақ қойыңыз және жауап беріңіз.



Дескриптор: *Білім алушы*

- суреттің мазмұны бойынша сұрақ қояды;
- қойылған сұраққа дүрыс жауап береді.

Бөлімше 2.6 «Мәтіннің түрлері мен жанрын, стилін анықтау»

Оқу мақсаты:

1.2.6.1* Мұғалімнің көмегімен әңгімелуе мәтінін, ерекшелігіне қарай мәтін жанрын (өлең, әңгіме, ертегі) ажырату.

**Ойлау дағдыларының
деңгейі:**

Білу және түсіну
Қолдану

Бағалау критерийі:

Білім алушы


- Әңгімелуе мәтіннің ерекшелігін атайды.
- Мәтіннің жанрын (өлең, әңгіме, ертегі) анықтайты.

Тапсырма

Мәтінді оқыңыз.

Менің інім бар. Ол әлі кішкентай. Інім балабақшаға барады. Інімнің ойыншықтары көп. Олар: машина, доп, текшелер, қонжық. Інім қонжығын жақсы көреді. Ол ойыншықтарын ұқыпты ұстайды.

- Інімнің қандай ойыншықтары бар? Белгіленіз.



- Мәтіннің жанрын анықтаңыз.

- A) ертегі
- B) әңгіме
- C) өлең
- D) мақал

- Мәтіннің жанрын қандай белгілеріне сүйеніп анықтадыңыз. Түсіндіріңіз.

Дескриптор: *Білім алушы*

- мәтінді түсініп оқиды;
- мәтінге қатысты ақпаратты табады;
- мәтін жанрын анықтайты;
- әңгімелуе мәтіннің ерекшелігін атайды.

Бөлімше 2.9 «Дыбыс пен әріпті тану және ажырату»

Оқу мақсаты: 1.2.9.1 Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Білу және түсіну
Колдану

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Әріптерді таниды және ажыратады.
- Әріпті дыбыспен сәйкестендіріп оқиды.

Тапсырма

Кестедегі әріптердің арасынан берілген сөздерді тауып оқыңыз және бояңыз.

АЛМА, ШИЕ, КӨЛ, ГҮЛ, МАУСЫМ, ШІЛДЕ, ТАМЫЗ, ҚАРБЫЗ

А	П	Р	О	Л	М	Т	Д	Ж
Ә	М	Ш	И	Е	А	А	П	Г
Р	И	Ф	Ы	В	У	М	А	Ү
І	Т	Ң	Ц	Ү	С	Ы	Р	Л
Қ	Қ	А	Р	Б	Ы	З	О	Х
Й	Б	Ғ	Қ	Е	М	Ш	Л	Щ
Ф	Ю	И	М	Ф	Я	А	Д	о
Я	Я	К	И	Ш	І	Л	Д	Е
Ы	Ч	Ә	Т	Ы	Ч	М	Ж	Э
Қ	Ә	Л	Б	В	С	А	Ә	Қ

Дескриптор: *Білім алушы*

- берілген сөздерді оқиды;
- сөзді кестедегі әріптердің арасынан табады және бояйды.

Бөлім «Жазылым»

Бөлімше 3.5 «Мәтінді түрлі формада құрастыру»

Оқу мақсаты: 1.3.5.1 Тақырыпқа байланысты керекті сөздер, сызбалар, суреттер, белгілерін қолдана отырып, жай сөйлемдер/мәтін құрастыру және жазу.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Қолдану

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Сөйлемдерді сәйкес суреттермен/ сызбалармен/белгілермен/ тірек сөздермен толықтырады.
- Сөйлемдер/мәтін құрастырып жазады.

Тапсырма

Сөйлемдерге сәйкес суреттерді анықтаңыз. Сөйлемдерді толықтырып жазыңыз.



Әжем қонақтарға _____ ұсынды.

_____ шай ішті.

Әкем _____ тартады.

_____ маған айран құйып берді.

Дескриптор: *Білім алушы*

- сөйлемдерге сәйкес суреттерді анықтайды;
- суретті қатыстырып сөйлемдер құрастырады;
- құрастырған сөйлемдерді көшіріп жазады.

Бөлімше 3.6 «Түрлі жанрда шығармашылық мәтін жазу»

Оқу мақсаты: 1.3.6.1 Мұғалімнің көмегімен әр түрлі жанр бойынша (хат, құттықтау хат, хабарлама, нұсқаулық) шағын мәтін/жай сөйлемдер құрап жазу.

Ойлау дағдыларының Қолдану деңгейі:

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Тірек сөздердің көмегімен әр түрлі жанрда (құттықтау хат) сөйлемдер/мәтін құрап жазады.

Тапсырма

Тірек сөздерді пайдаланып, досыңызға арналған құттықтау хат жазыңыз.



Tіrек сөздер: құрметті, денсаулық, туған күніңмен, бақыт, құттықтаймын, тілеймін.

Дескриптор: *Білім алушы*

- тірек сөздерді орынды қолданады;
- сөйлемдегі сөздерді дұрыс байланыстырады;
- тиісті жанрды сақтап жазады.

Бөлімше 3.8 «Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау»

Оқу мақсаты: 1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сзығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.

Ойлау дағдыларының Қолдану деңгейі:

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Әріп элементтерін дұрыс байланыстырып салады.
- Сөздерді каллиграфиялық талаптарға сай жазады.

1-тапсырма

Суреттердің атауын жазыңыз.



Дескриптор: *Білім алушы*

- әріп элементтерін дұрыс байланыстырады;
- жазу жолының сзықтары мен жоларалық кеңістікті сақтайды;
- сөздерді сауатты әрі көркем жазады.

2-тапсырма

Жаңылтпаш өлеңдерді мұқият тыңдаңыз. Сөздерді жазыңыз.



Ра - ра - ра

Fa - fa - fa

Ay - ay - ay

Қа - қа - қа

РАРАРА

ТАФА

ТАУ

БАҚА

Дескриптор: *Білім алушы*

- әріп әлементтерін дұрыс байланыстырып салады;
- естіген сөздерді сауатты жазады;
- жазу жолының сыйықтары мен жоларалық кеңістікті сақтап, көркем жазады.

Бөлімше 3.9 «Орфографиялық нормаларды сақтау»

Оқу мақсаты: 1.3.9.2 Мұғалім көмегімен сөздерді дұрыс тасымалдау, тасымалдауға болмайтын сөздерді ажырату.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Білу және түсіну
Қолдану

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Тасымалдауға болмайтын сөздерді ажыратады.
- Сөздерді дұрыс тасымалдап жазады.

Тапсырма

Суреттерге мұқият қараңыз. Тасымалдауға болмайтын сөздерді білдіретін суреттерді белгілеңіз.



- Басқа сөздерді үлгі бойынша тасымалдап жазыңыз.

Уәзі:



Кө - бе - лек

1. кө-белек
2. көбе-лек

Дескриптор: *Білім алушы*

- тасымалдауға болмайтын сөздерді анықтайды;
- сөздерді дұрыс тасымалдап жазады.

Бөлімше 3.9 «Орфографиялық нормаларды сақтау»

Оқу мақсаты: 1.3.9.3 Бас әріппен жазылатын сөздерді (кіңі аттары, жер-су атаулары, үй жануарларына берілген атауларды) анықтау.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Қолдану

Бағалау критерийі: *Білім алушы*
• Бас әріппен жазылатын сөздерді ажыратады.

Тапсырма

Сөйлемдерді мұқият тыңдаңыз. Бас әріппен жазылатын сөздерді теріп жазыңыз.

Сәуле Астанада тұрады. Қанат ағасымен бірге Медеу мұз айдынына барды. Асқардың Құлагер деген аты бар. Ақтөс - өте сүйкімді күшік.

Дескриптор: *Білім алушы*
- бас әріппен жазылатын сөздерді анықтайды;
- сөздерді бас әріптен бастап жазады;
- сөздерді сауатты жазады.

Бөлімше 3.10 «Грамматикалық нормаларды сақтау»

Оқу мақсаты: 1.3.10.1 Заттың атын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздерді ажыратса алу және орынды қолдана білу.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Қолдану

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Заттың аты мен сынын білдіретін сөздерді ажыратады.
- Заттың аты мен сынын білдіретін сөздерді дұрыс қолданады.

Тапсырма

Сөздерді тиісті суретпен сәйкестендіріп, сөз тіркестерін құрап жазыңыз. Заттың тасы мен сынып білдіретін сөздерді пайдаланып сөйлем құрастырыңыз.



қызыл



әдемі



жұмсақ



сүйкімді



тәтті

Дескриптор: *Білім алушы*

- сөздер мен суреттерді дұрыс сәйкестендіреді;
- заттың атын және сынын білдіретін сөздерді сауатты жазады;
- заттың аты мен сынын білдіретін сөздерді қолданып сөйлем құрастырады.

Бөлімше 3.10 «Грамматикалық нормаларды сақтау»

Оқу мақсаты: 1.3.10.2 Тәуелдік және жіктік жалғауларының қарапайым формаларын қолдана алу (терминсіз).

Ойлау дағдыларының Қолдану деңгейі:

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Тәуелдік жалғауларын дұрыс қолданады.
- Жіктік жалғауларын дұрыс қолданады

1-тапсырма

Суреттің орнына тиісті сөз қойып, сөйлем құрастырып жазыңыз.



Менің бар. Сенің



қайда? Бұл Мәуленнің



Дескриптор: *Білім алушы:*

- суреттің орнындағы сөздерді дұрыс тәуелдеп жазады;
- суреттің орнындағы сөзді дұрыс жіктеп жазады.

2-тапсырма

Көп нүктенің орнына жақшадағы сөздердің тиістісін қойып, сөйлемдерді көшіріп жазыңыз.

Мен жеті ... (жастамын, жастасың, жаста). Сен бірінші сыныпта ... (оқимын, оқисың, оқиды). Ол ауылда ... (тұрамын, тұрасың, тұрады).

Дескриптор: *Білім алушы*

- жіктік жалғаулы сөздерді анықтайды;
- сөйлемдерді сауатты және көркем жазады.

Бөлімше 3.11 «Пунктуациялық нормаларды сақтау»

Оқу мақсаты: 1.3.11.1 Сөйлемді бас әріппен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою.

Ойлау дағдыларының Қолдану деңгейі:

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Сөйлемді бас әріптен бастап жазады.
- Сөйлем соңына тыныс белгілерін дұрыс қояды.

1-тапсырма

Сөйлемдерді анықтаңыз. Тиісті тыныс белгісін қойып, мәтінді көшіріп жазыңыз.

Менің әжем бар мен әжемді өте жақсы көремін әжем қызық ertegі айттып береді.

Дескриптор: *Білім алушы*

- сөйлемдердің ара жігін анықтайды;
- сөйлемдерді бас әріптен бастап жазады;
- сөйлемнің соңына тиісті тыныс белгісін қояды.

2-тапсырма

Суреттердің орнына сөздер қойып, сөйлем құрап жазыңыз. Сөйлемнің соңына тиісті тыныс белгісін қойыңыз.



жеді



Саған

ұнай ма



Алақай, көрінді

Дескриптор: *Білім алушы*

- суреттің орнына сөз қойып, сөйлем құрастырып жазады;
- сөйлемнің соңына тиісті тыныс белгісін қояды;
- сөйлемдердің сауатты әрі көркем жазады.

Бөлімше 3.11 «Пунктуациялық нормаларды сақтау»

Оқу мақсаты: 1.3.9.2 Мұғалім көмегімен сөздерді дұрыс тасымалдау, тасымалдауға болмайтын сөздерді ажырату.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Қолдану

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Тасымалдауға болмайтын сөздерді ажыратады.
- Сөздерді дұрыс тасымалдап жазады.

Тапсырма

Өлеңнен тасымалдауға болмайтын сөздерді теріп жазыңыз.

Отан деген – атамекен

Отан деген – туған жер.

Отан – ана,

Отан – үлкен.

Қазақстан – туған ел!

(Е. Өтетілеуұлы)

Тасымалдауға болмайтын сөздер: _____

- Атамекен сөзінің тасымалдану түрін көрсетіп жазыңыз.

1. _____

2. _____

Дескриптор: *Білім алушы*

- тасымалдауға болмайтын сөздерді теріп жазады;
- берілген сөздің тасымалдану түрін дұрыс көрсетеді.

3-тоқсан

Ортақ тақырып

«Саяхат», «Салт-дәстүр және ауыз

әдебиеті»

Бөлім «Тыңдалым және айтылым»

Бөлімше 1.1 «Тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну»

Оқу мақсаты: 1.1.1.1 Тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем, мәтін) ажырату, тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Білу және түсіну
Қолдану

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Сөз, сөйлем, мәтінді ажыратады. .
- Сөйлеу барысында тілдік бірліктерді орынды қолданады.
- Тыңдалған мәтіннің мазмұнын айтады

Тапсырма

Суретке мүқият қараңыз. Берілген сөйлемдерді тыңдаңыз. Қайсысы мәтін екенін анықтаңыз.



1-тыңдалым

Менің әкем - теңізші. Ол бізге
теңіз туралы көп әңгімелер айтады.
Оның әңгімелері өте қызықты.

2-тыңдалым

Теңізшінің қалпағында зекірдің
суреті бар. Бала тастың үстінде отыр.

- Мәтінде неше сөйлем бар?
- Мәтіннің мазмұнын айтыңыз.



Дескриптор: *Білім алушы*

- мәтін мен сөйлемді ажыратады;
- мәтіндегі сөйлемдердің санын анықтайды;
- мәтіннің мазмұнын жүйелі баяндайды.

Бөлімше 1.2 «Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау»

Оқу мақсаты: 1.1.2.1 Мұғалімнің көмегімен мәтінде (кім? не?) туралы айтылғанын анықтау.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Білу және түсіну
Колдану

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Тыңдалған мәтіннің кім/не туралы екенін анықтайды.
- Мәтіннің мазмұнын сурет арқылы көрсетеді.

Тапсырма

«Тұлкі мен қырғауыл» ертегісін (<https://www.youtube.com/watch?v=FyNvXbYIGs8>) мүқият тындаңыз.

- Ертегі не туралы? Ертегіге сәйкес суретті белгілеңіз.



Жұптық жұмыс.

Ертегі кейіпкерлерінің диалогін сахналап көрсетіңіздер.

Дескриптор: *Білім алушы*

- ертегі не туралы екенін анықтайды;
- ертегіге сәйкес суретті белгілейді;
- ертегі кейіпкерлерінің арасындағы диалогті сахналауға қатысады.

Бөлімше 1.3 «Тыңдалған материалды мазмұндау»

Оқу мақсаты: 1.1.3.1 Мұғалімнің көмегімен оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау.

Ойлау дағдыларының Қолдану деңгейі:

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Оқиғаның ретін анықтайды.
- Мәтіннің мазмұнын жүйелі баяндайды.

Тапсырма

Мәтінді мұқият тыңдаңыз. Суреттерді мәтіннің желісі бойынша ретімен белгілеңіз. Сурет бойынша мәтіннің мазмұнын айтыңыз.

Қонжықтың саяхаты

Қонжық орманды арапап келе жатып, ағаштың басындағы араның ұясын көрді. Оның бал жегісі келді. Қонжық ағашқа өрмелеп шығып, ұяға қолын салды. Ұядан шыққан аралар оны шаға бастағанда, қонжық жерге құлап түсті. Ол қорықанынан қаша жөнелді.



Дескриптор: *Білім алушы*

- суреттердің ретін белгілеп көрсетеді;
- сурет бойынша мәтіннің мазмұнын айтады.

Бөлімше 1.4 «Оқиғаны болжау»

Оқу мақсаты: 1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.

Ойлау дағдыларының Қолдану деңгейі:

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Тақырып арқылы мәтіннің не туралы болуы мүмкін екендігін айтады.
- Иллюстрация бойынша мәтіннің мазмұнын болжап әңгімелейді..

Тапсырма

Суретке мүқият қараңыз. Сурет бойынша мәтін құрастырыңыз.

Ақылды қоян



- Оқиға немен аяқталады деп ойлайсыз? Қоян сәбізге жете ала ма?

Дескриптор: *Білім алушы*

- берілген суреттер бойынша шағын мәтін құрастырады;
- суретке сүйеніп, оқиғаның соңын болжайды;
- өз ойын тұжырымдап айтады.

Бөлімше 1.5 «Түрлі жағдаяттарда тілдік нормаларды дұрыс қолдану»

Оқу мақсаты:

1.1.5.1 Түрлі жағдаяттарда этикет сөздерін қолдана білу.

Ойлау дағдыларының
деңгейі:

Қолдану

Бағалау критерийі:

Білім алушы

- Сыпайы сөздерді атайды.
- Түрлі жағдаяттарда сыпайы сөздерді қолданады.

Тапсырма

Суреттерге мүқият қараңыз. Мұндай жағдайларда қандай сыпайы сөздерді қолдану керек?



- Сурет бойынша жұпта диалог құрастырыңыздар.

Дескриптор:

Білім алушы

- суреттерге қатысты сыпайы сөздерді айтады;
- сыпайы сөздерді орынды қолдана отырып, диалогке қатысады.

Бөлімше 1.6 «Тыңдаушының назарын аудару»

Оқу мақсаты: 1.1.6.1. Сөйлеу барысында сипаттау/салыстыру сөздерін, вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл), дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті қолдану.

Ойлау дағдыларының Қолдану

деңгейі:

Бағалау критерийі: *Білім алушы:*

- Сөйлеу барысында дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті сақтайды.
- Мәтінің мазмұнын қимылдың, ым-ишараның көмегімен жеткізеді.
- Сөйлеу барысында сипаттау/салыстыру сөздерін қолданады.

Тапсырма

Мәтінді мүқият тыңдаңыз.

Жиренше шешен мен бала

Жиренше шешен бір күні жолда келе жатып, алдынан қарсы кездескен екі баладан:

- Дүниеде бәрінен не тәтті, балам?- деп сұрапты.
- Бал тәтті, - деген еken бала.
- Ал жұмсақта не жұмсақ?
- Мамық жұмсақ.

Бұл баланың жауабын тыңдалап түрған екінші бала:

- Осы сұрақтарға мен жауап беріп көрейін, рұқсат етіңіз, - деп өтінеді.
- Айта ғой, балам, не тәтті? - дейді Жиренше.
- Ананың сүті, - деп жауап беріпті бала.
- Не жұмсақ?
- Ананың алақаны.

Жиренше екінші баланың жауабына риза болып, батасын беріпти.

Топтық жұмыс.

Мәтіннің мазмұны бойынша Жиренше мен балалардың арасындағы диалогті сахналап көрсетіңіздер.

Дескриптор: *Білім алушы*

- кейіпкерлердің атынан диалогке түседі;
- диалогке қатысу барысында дауысты, қимыл, ым-ишараны қолданады.

Бөлімше 1.7 «Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айтуда

Оқу мақсаты: 1.1.7.1 Тыңдалған мәтінге өз көзқарасын жай сөйлеммен білдіру (ұнайды/ ұнамайды).

Ойлау дағдыларының деңгейі: Қолдану
Бағалау

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Мәтінге қатысты пікірін айтады.
Өз көзқарасын түсіндіреді.

Тапсырма

Мәтінді мұқият тыңдаңыз.

Жазғы демалыс кезінде достарымызбен ауыл маңындағы орманға саяхатқа бардық. Орманның іші салқын. Ауасы таза. Біз күні бойы таза ауада ойнап, жақсы демалдық.

Әлден уақытта жел соға бастады. Ағаштардың бастары теңселіп, орман іші шуылдай жөнелді. Осы кезде бір қызықты байқадық. Тиіндер секіріп жүрген қарағайлардың түбінен бірнеше кірпі жорғалап шыға келді. Олар бастарын жоғары көтеріп тұрды да қалды. Аспаннан бір нәрсе күткендей орындарынан жылжымай тұр.

Бір кезде ағаштың басынан тиіндердің жинап қойған саңырауқұлақтары түсे бастады. Кірпілер дайын саңырауқұлақтарды тікендеріне шаншып алғып, індеріне қарай жорғалай жөнелді. Біз олардың қылыштарына таңдана қарадық және мәз болдық.

1. Оқиға қай кезде болды?
2. Балалар нені байқады?
3. Кірпілер қандай әрекет жасады?
4. Олар саңырауқұлақтарды не үшін жинап алды деп ойлайсыз?
5. Осы мәтіннен не түйдіңіз?

Дескриптор: *Білім алушы*

- мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;
- мәтінге қатысты ойын айтады.

Бөлімше 1.8 «Берілген тақырыпқа әңгіме құрап айту»

Оқу мақсаты: 1.1.8.1 Берілген сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айту.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Қолдану

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Сюжетті суреттерді сипаттайтын.
- Сюжетті суреттерді реті бойынша әңгіме құрастырып айтады..

Тапсырма

Берілген тірек сөздерді мұқият тыңдаңыз. Тірек сөздерді қолдана отырып, сурет бойынша әңгіме құрастырыңыз. Жұпта әңгімелеп берініз.

Арманның түсі



Тірек сөздер: түс көру, ғарыш, саяхат, зымыран, басқа ғаламшарлық, дос, ғажайып, ояну, сабакқа кешігу.

Дескриптор: *Білім алушы*

- тірек сөздерді қолданып, суреттер желісі бойынша әңгіме құрастырады;
- әңгімелеу барысында өз ойын толық, жүйелі жеткізеді.

Бөлімше 1.9 «Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айтуда

Оқу мақсаты:

1.1.9.1 Сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жінішке дауыстылар) ажырату және дұрыс дыбыстау.

Ойлау дағдыларының деңгейі:

Білу және түсіну
Қолдану



Бағалау критерийі:

Білім алушы

- Сөздегі дыбыстардың түрлерін (дауысты/дауыссыз, жуан және жінішке дауыстылар) анықтайады.
- Дыбыстарды дұрыс айтады.

Тапсырма

Суреттегі заттарды атаңыз. Дауысты дыбыстан басталатын сөздерді тауып, бос торкөзге сөздің алғашқы әрпін жазыңыз. Суретті бояңыз.



- Ол қандай дауысты дыбыс?

Дескриптор: *Білім алушы*

- суреттегі заттардың атауын айтады;
- дауысты дыбыстан басталатын сөздерді белгілейді және сәйкес әріпті жазады;
- дауысты дыбыстарды түріне ажыратады.

Бөлімше 1.9 «Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айтуды

Оқу мақсаты: 1.1.9.2 Дыбыстардың мағына ажыратушылық қызметін түсінуде.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Білу және түсінуде
Колдану

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Сөздегі өзгерген дыбыстарды атайды.
- Дыбыстың сөз мағынасын өзгертуге қатыстырылығын түсіндіреді.

Тапсырма

Суреттегі заттардың атауын оқыңыз және өлеңді мұқият тыңдаңыз.



Мынау - қалпақ.

Мынау - қармақ.

Мынау - қаңбақ.

Мынау - қаймақ.

Қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс?

Аттары ғой бүл әлі,
Ал осылар туралы
Былай десем дұрыс па,
Өлде мұным бұрыс па?

Көлге салам қалпақты,
Басқа килем қармақты,
Күнде жеймін
қаңбақты,
Жонда қуам қаймақты.

Бұрыс болса, ұрыспа,
Әлде былай дұрыс па?

Жонда қуам қалпақты,
Күнде жеймін қармақты,
Басқа килем қаңбақты,
Көлге салам қаймақты.

Бұрыс болса, ұрыспа,
Әлде былай дұрыс па?

Күнде жеймін қалпақты,
Жонда қуам қармақты.
Көлге салам қаңбақты,
Басқа килем қаймақты.

Бұным-дағы бұрыс па,
Өлде былай дұрыс па?

- Өлең жолдарын тиісті сөздермен толықтырып жазыңыз.

Басқа килем _____
Көлге салам _____
Жонда қуам _____
Күнде жеймін _____

- Өлеңдегі үқсас сөздерді атаңыз. Қай әріптер өзгерген? Олар сөзге қалай әсер етеді? Түсіндіріңіз.

Дескриптор: *Білім алушы*

- суреттегі заттардың атауын оқиды;
- өлең жолдарына сәйкес келетін сөзді тауып жазады;
- сөздегі өзгерген дыбыстарды анықтайады;
- олардың сөздің мағынасына тигізген әсерін түсіндіреді.

Бөлімше 1.9 «Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту»

Оқу мақсаты:

1.1.9.3 Сөздің буыннан тұратынын түсіну және сөздегі буын санын анықтау.

Ойлау дағдыларының деңгейі:

Білу және түсіну
Қолдану

Бағалау критерийі:

Білім алушы

- Буындардан сөз құрастырады.
- Сөздегі буын санын анықтайды.

Тапсырма

Берілген буындардан сөз құрастырып айтыңыз. Әр сөзде неше буын бар?



Дескриптор:

Білім алушы

- буындардан сөз құрап айтады;
- әр сөздің буын санын анықтайды.

Бөлім «Оқылым»

Бөлімшес 2.1 «Оқу түрлерін қолдану»

Оқу мақсаты: 1.2.1.1 Сөз/сөйлем сызбасын оқу.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Қолдану

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Сөздерді сызбалармен сәйкестендіреді.
- Сызбамен берілген сөйлемдерді оқиды.

1-тапсырма

Сурет бойынша сызбаға сәйкес сөйлем құрастырып, оқыңыз.



— — — .



— — — — .



— — — — .

Дескриптор: *Білім алушы*

- сурет бойынша сызбаға сәйкес сөйлем құрастырады;
- сызбамен берілген сөйлемдерді оқиды.

2-тапсырма

Сызбаға мүқият қараңыз. — — .

- Сөйлемде неше сөз бар?
- Сызба бойынша сөйлем құрастырыңыз.

Дескриптор: *Білім алушы*

- сөйлемдегі сөз санын анықтайды;
- сызбаға сәйкес сөйлемдер құрастырады.

Бөлімше 2.1 «Оқу түрлерін қолдану»

Оқу мақсаты: 1.2.1.2. Оқудың түрлерін (буындал оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.

Ойлау дағдыларының қолдану деңгейі:

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Буындал немесе тұтас сөздермен оқиды.
- Түсініп оқиды.

Тапсырма

Мәтінді дауыстап оқыңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Ішік

Ішік – жылды киім. Ішікті аңың тे-рі-сі-нен жасайды. Оның сырты қымбат матамен қап-та-ла-ды. Ішікті қыс-ты-гү-ні күн су-ыт-қан-да киеді. Ол әрі женіл, әрі жылы. Ішік киген адам сұықта тоң-бай-ды.

- Ішік деген не?
- Ішікті нeden жасайды?

Дескриптор: *Білім алушы*

- мәтінді қатесіз оқиды;
- мәтіннің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді.

Бөлімше 2.2 «Оқыған мәтіннің мазмұнын түсіну»

Оқу мақсаты: 1.2.2.1 Мәтінде автордың кім (не) туралы айтқысы келгенін түсіну.


Ойлау дағдыларының деңгейі: Қолдану
Анализ

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Мәтіннің тақырыбын анықтайды.
- Автордың ойын болжап айтады.

Тапсырма

Мәтінді түсініп оқыңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.



Тышқан құтылып кетті.

1. Мәтінде не туралы айтылған?

- A) мысық туралы
- B) тышқан туралы
- C) мысық пен тышқан туралы
- D) етік туралы

мысық

етік

бас

тышқан

ойын

2. Мәтіндегі басты тірек сөздерді белгілеңіз.

3. Мәтіннен қандай ой түйдініз?

Дескриптор: *Білім алушы*

- мәтінді дұрыс оқиды;
- мәтіннің тақырыбын анықтайды;
- мәтіндегі тірек сөздерді белгілейді;
- мәтін бойынша қорытынды жасайды.

Бөлімше 2.4 «Мәтіндегі сөздердің мағынасын түсіну»

Оқу мақсаты:

1.2.4.1 Мұғалімнің көмегімен қарама-қарсы мағыналы, мәндес, көп мағыналы сөздердің мағыналарын ажырату.

Ойлау дағдыларының деңгейі:

Білу және түсіну
Қолдану

Бағалау критерийі:

Білім алушы


- Сөздердің лексикалық мағыналарын ажыратады.
- Қарама-қарсы мағыналы сөздерді табады.
- Көп мағыналы сөздердің мағынасын анықтайды.

1-тапсырма

Әр жұп суретке мүқият қараңыз. Сөздерді оқыңыз және оған қарама-қарсы мағыналы сөздер тауып айтыңыз.



сол жақ - ...




үлкен - ...




ауыр - ...



жылдам - ...



ыстық - ...




ашық - ...

Дескриптор: *Білім алушы*

- берілген сөздерге қарсы мағыналы сөздерді айтады.

2-тапсырма

Сөздерді оқыңыз. Мәндес сөздерді анықтаңыз және бір-бірімен байланыстырып сыйзыңыз.



Дескриптор: *Білім алушы*

- мәндес сөздерді анықтайды және байланыстырып сыйзады.

3-тапсырма

Сөйлемдерді оқыңыз. Қарамен жазылған сөздердің мағынасына көніл бөлініз. Не байқадыңыз? Сөздің мағынасын түсіндірініз.

- Дәрігер **тілімді** көріп, бірден дәрі берді.



- Менің достарым бірнеше **тіл** біледі.



- Сағаттың үш **тілі** бар.



Дескриптор:

Білім алушы

- көп мағыналы сөздерді анықтайды;
- көп мағыналы сөздің мағынасын түсіндіреді.

Бөлімше 2.5 «Мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу»

Оқу мақсаты: 1.2.5.1 Мәтін иллюстрациясы бойынша сұрақтар қоя білу немесе оқығаны бойынша қойылған сұраққа жауап беру (мұғалім көмегімен).

Ойлау дағдыларының Қолдану деңгейі:

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақ қояды.
- Мәтіннің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді.

Тапсырма

Мәтінді түсініп оқыңыз.

Қайық

Жарас қағаздан қайық жасады. Оны арықтағы суға жіберді. Қайық судың ағысымен тез жүзіп кетті. Жарас қайықты ұстай алмай қалды. Мойнақ қайықты тістеп алғып келді.

- Жарайсың, Мойнақ! – деп, Жарас күшігінің басынан сипады.

Күшік еркеледі.

- Мәтін бойынша сұрақтарға жауап берініз.
 - Мәтін не туралы?
 - Жарас қайықты неден жасады?
 - Қайық неге тез жүзіп кетті?
 - Мойнақ не істеді?
 - Жарас күшігін неліктен еркелетті?
- Мәтіннің мазмұны бойынша бір сұрақ құрастырып жазыңыз.

Дескриптор: *Білім алушы*

- мәтін бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді;
- мәтіннің мазмұны бойынша сұрақ құрастырып жазады.

Бөлімше 2.6 «Мәтіннің түрлері мен жанрын, стилін анықтау»

Оқу мақсаты: 1.2.6.1* Мұғалімнің көмегімен әңгімелу мәтінін, ерекшелігіне қарай мәтін жанрын (өлең, әңгіме, ертегі) ажырату.

**Ойлау
дағдыларының
деңгейі:** Білу және түсіну
Қолдану

Бағалау критерийі: *Білім алушы*



- Әңгімелу мәтіннің ерекшелігін атайды.
- Мәтіннің жанрын (өлең, әңгіме, ертегі) анықтайты.

Тапсырма

Мәтінді түсініп оқыңыз.

Оқушылар демалыс үйіне келді. Демалыс үйі қалың қарағайдың арасына орналасыпты. Жанында үлкен көл бар екен. Көлдің жағасында кішкене қайықтар тұр. Балалар қайыққа мініп серуендер жүр.

- Бұл ертегі ме, әңгіме ме? Неліктен?
- Суреттерге мұқият қараңыз. Мәтіннен әр суреттің мазмұнына сәйкес сөйлемді тауып оқыңыз.



Дескриптор: *Білім алушы*

- мәтінді қатесіз оқиды;
- мәтіннің жанрын анықтайты;
- мәтіннің ерекшелегін сипаттайты;
- мәтіннен суретке сәйкес сөйлемдерді тауып оқиды.

Бөлімше 2.9 «Дыбыс пен әріпті тану және ажырату»

Оқу мақсаты: 1.2.9.1 Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Білу және түсіну
Қолдану

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Әріптерді таниды және ажыратады.
- Әріпті дыбыспен сәйкестендіріп оқиды.

Тапсырма

Көп нүктенің орнына қойылатын әріпті тауып, сөзбен сәйкестендіріп сыйыңыз. Сөздерді оқыңыз.

Ұ, Ү, Ұ, Н, Ң, Қ, Ғ

Д ... рбі

... арыш

өзө ...

... айық

а... а

... шақ

Ша ... ғы

Дескриптор: *Білім алушы*

- көп нүктенің орнындағы әріпті анықтайды;
- сөздерді қатесіз оқиды.

Бөлімше 2.9 «Дыбыс пен әріпті тану және ажырату»

Оқу мақсаты: 1.2.9.2. Дыбыстардың сөздегі қызметін түсіну (ъ, ъ таңбалары, ф, в, ц, ч дыбыстары, ё, ю, я қосарлы дыбыстары) және дұрыс оқу.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Білу және түсіну
Қолдану

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- ъ, ъ таңбалары бар сөздерді дұрыс оқиды.
- ъ, ъ таңбаларының сөздегі қызметін түсіндіреді.

1-тапсырма

Сөздерді оқып, суреттермен байланыстырыңыз. Ал және АЛь буындарын айтыңыз және дыбысталуындағы айырмашылықты түсіндіріңіз.



Дескриптор: Білім алушы

- сөздерді оқып, суреттермен сәйкестендіреді;
- буындарды дұрыс айтады;
- буындардың дыбысталуындағы айырмашылықты түсіндіреді.

2-тапсырма

Суреттерге мүқият қараңыз. Бос торкөзге **ъ** және **ъ** таңбаларының

тиістісін қойыңыз. Сөздерді оқыңыз және берілген таңбалардың сөздегі қызметін түсіндіріңіз.



Дескриптор: *Білім алушы*

- сөздерге ъ, ъ таңбаларының тиістісін қояды;
- сөздерді дұрыс оқиды;
- ъ, ъ таңбаларының қызметін түсіндіреді.

Бөлім «Жазылым»

Бөлімше 3.5 «Мәтінді түрлі формада құрастыру»

Оқу мақсаты: 1.3.5.1. Тақырыпқа байланысты керекті сөздер, сызбалар, суреттер, белгілерді қолдана отырып, жай сөйлемдер/мәтін құрастыру және жазу.

Ойлау дағдыларының Қолдану деңгейі:

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Тірек сөздердің/ суреттердің/ сызбалардың /белгілердің көмегімен сөйлемдер /мәтін құрастырып жазады.

Тапсырма

Сурет бойынша «Саяхат» тақырыбында мәтін құрастырып жазыңыз.



Дескриптор: *Білім алушы*
- сурет бойынша сөйлемдер құрастырады;
- сөйлемдегі сөздерді дұрыс байланыстырыады;
- сөйлемдерді сауатты жазады;
- сөйлемдердің байланысын сақтай отырып, мәтін құрастырады.

Бөлімше 3.6 «Түрлі жанрда шығармашылық мәтін жазу»

Оқу мақсаты: 1.3.6.1. Мұғалімнің көмегімен әр түрлі жанр бойынша (хат, құттықтау хат, хабарлама, нұсқаулық) шағын мәтін/жай сөйлемдер құрап жазу.

**Ойлау
дағдыларының
деңгейі:** Қолдану

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Хат жанрында қарапайым сөйлемдер/ шағын мәтін құрап жазады.

Тапсырма

Кестедегі сөйлемдерді оқыңыз және құттықтау хаттың бөліктерінің ретін тауып, цифrlармен белгілеңіз.

	Немереніз Саят.
	Әже! Сізді Наурыз мерекесімен құттықтаймын!
	Зор денсаулық, ұзақ өмір тілеймін.

- Үлгіге сүйеніп, әжеңізге хат жазыңыз.

Дескриптор: *Білім алушы*

- құттықтау хаттың бөліктерін анықтайды;
- үлгіге сүйеніп хат жазады;
- сөйлемдерді сауатты жазады.

Бөлімше 3.8 «Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау»

Оқу мақсаты: 1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және тәменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.


**Ойлау
дағдыларының
деңгейі:** Қолдану

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Әріп элементтерін дұрыс байланыстырып салады.
- Сөздерді каллиграфиялық талаптарға сай жазады.

Тапсырма

Суреттердің орнына тиісті сөздерді қойып, сөйлемдерді көшіріп жазыңыз.



Дескриптор: *Білім алушы*

- жазу жолының сызықтары мен жоларалық кеңістікті сақтайды;
- әріп элементтерін дұрыс байланыстырады;
- суретті сөйлеммен дұрыс байланыстырады;
- сөйлемдерді сауатты, көркем жазады.

Бөлімше 3.10 «Грамматикалық нормаларды сақтау»

Оқу мақсаты: 1.3.10.1 Заттың атын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздерді ажыратада алу және орынды қолдана білу.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Қолдану

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Заттың атын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздерді ажыратады.
- Заттың атын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздерді қолданады.

Тапсырма

Сөздерді оқыңыз. Өр қатардағы артық сөзді қоршап сыйыңыз. Сөзге сұрақ қойыңыз. Сөз заттың қандай белгісін білдіреді. Сол сөздермен сөйлем құрастырып жазыңыз.

1. Қызыл, ұзын, мұражай, биік.
2. Ертегі, кейіпкер, кітап, әңгіме, қызық.
3. Тұлкі, бес, арыстан, тышқан, дос.
4. Кеме, ұшақ, зымыран, ұшты, қайық.

Дескриптор: *Білім алушы*

- қатардағы артық сөзді анықтайды;
- сөзге сұрақ қояды;
- сөз табына ажыратады;
- берілген сөзбен сөйлем құрастырып жазады.

Бөлімше 3.10 «Грамматикалық нормаларды сақтау»

Оқу мақсаты: 1.3.10.2 Тәуелдік және жіктік жалғауларының қарапайым формаларын қолдана алу (терминсіз).

Ойлау дағдыларының деңгейі: Қолдану

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Тәуелдік жалғауларын дұрыс қолданады.
- Жіктік жалғауларын дұрыс қолданады

1-тапсырма

Сөздер мен суретті байланыстыра отырып, сөйлем құрастырыңыз. Қимылды білдіретін сөзге тиісті буын қосып, сөйлемдерді көшіріп жазыңыз.



Дескриптор: *Білім алушы:*

- сөздерді дұрыс байланыстырып, сөйлем құрайды;
- жіктік жалғауларын дұрыс жазады.

2-тапсырма

Суреттің орнына тиісті сөзді қойып, сөйлемдерді көшіріп жазыңыз.

Мынау - менің



Мынау - сенің



Мынау - сіздің



Мынау - оның



Дескриптор: *Білім алушы*

- сөздерді дұрыс тәуелдеп жазады.

Бөлімше 3.11 «Пунктуациялық нормаларды сақтау»

Оқу мақсаты: 1.3.11.1 Сөйлемді бас әріппен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Қолдану

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Сөйлемді бас әріптен бастап жазады.
- Сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін дұрыс қояды.

Тапсырма

Адасқан сөздерден сөйлем құрап жазыңыз. Сөйлем соңына тиісті тыныс белгісін қойыңыз.



Дескриптор: *Білім алушы*

- сөздердің байланысын тауып, дұрыс сөйлем құрастырады;
- сөйлемді бас әріппен бастап жазады;
- сөйлемнің соңына тиісті тыныс белгісін қояды.

4-тоқсан

**Ортақ тақырып
«Тағам және сусын», «Дені саудың – жаны сау»**

Бөлім «Тыңдалым және айтылым»

Бөлімше 1.1 «Тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну»

Оқу мақсаты:

1.1.1.1 Тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем, мәтін) ажырату, тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну.

Ойлау дағдыларының деңгейі:

Білу және түсіну
Қолдану

Бағалау критерийі:

Bілім алушы

- Сөз, сөйлем, мәтінді ажыратады. .
- Сөйлеу барысында тілдік бірліктерді орынды қолданады.
- Тыңдалған мәтіннің мазмұнын айтады.

Тапсырма

Мәтінді мүқият тыңдаңыз.

Бейбіт – сыныптағы балалардың ең кішісі. Бұл, әсіресе, дене шынықтыру сабагында аңғарылатын. Сапқа тұрғанда оқушылардың ең соңында қалатын. Бейбіт оған қатты намыстанатын. Ол тез өсіп, үлкен болуды армандағытын.

Бір күні ағасы ауланың бұрышына турник орнатып берді. Бейбіт күн сайын турникке тартылып, ақырында ұршықтай айналатын болды. Спортпен айналысу Бейбіттің бұлжымас әдетіне айналды.

Екінші сыныпқа келгенде бойы өсіп, қайраттана түсті.

- Мәтінде неше сөйлем бар?
- Бірінші сөйлемде неше сөз бар?

Жұптық жұмыс.

Жұпта бір-бірінзге мәтіннің мазмұнын айтып беріңіз.

Дескриптор: *Bілім алушы*

- мәтіндегі сөйлемдердің санын анықтайды;
- бірінші сөйлемдегі сөз санын дұрыс анықтайды;
- мәтіннің мазмұнын жүйелі баяндайды.

Бөлімше 1.2 «Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау»

Оқу мақсаты:	1.1.2.1 Мұғалімнің көмегімен мәтінде (кім? не?) туралы айтылғанын анықтау.
Ойлау дағдыларының деңгейі:	Білу және түсіну Қолдану
Бағалау критерийі:	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">Тыңдалған мәтіннің кім/не туралы екенін анықтайды.Мәтіннің мазмұнын сурет арқылы көрсетеді.

Тапсырма

Өлеңді мұқият тыңдаңыз.

Қайдан келдің, бауырсақ?

Дастарқанда шашылып,
Жатты аппақ бауырсақ.
Бауырсаққа қызығып,
Қарап тұрып көзін сап:
-Қайдан келдің, бауырсақ?-
Деп сұрады қуыршақ.
-Дүкеннен келдім нан сатқан, -
Деді оған бауырсақ.
-Дүкенге келдің қай жақтан?
-Наубайдан келдім нан жапқан.

- Наубайға келдің қай жақтан?
- Диірменнен келдім ұн тартқан.
- Диірменге келдің қай жақтан?
- Даладан келдім кең жатқан.
Жер-анам менің кесілген,
Диқандар мені өсірген.
Арғы тегім – ақ бидай,
Тәттімін жеп көр, бақшимай!
Жесең өзің байқарсың,
Рақметінді айтарсың.

(Ә. Тұрманжанов)

- Өлең не туралы?
- Нан дастарқанға қалай келеді? Өлеңнің мазмұнына сүйеніп, суреттен ретін белгілеп көрсетіңіз. Жұпта әңгімеленіз.



Дескриптор:

Білім алушы

- өлеңнің не туралы екенін анықтайды;
- өлеңнің мазмұнына сүйеніп, оқиғаның ретін анықтайды;
- нанның дастарқанға жету жолын әңгімелейді.

Бөлімше 1.3 «Тыңдалған материалды мазмұндау»

Оқу мақсаты: 1.1.3.1 Мұғалімнің көмегімен оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау.

**Ойлау
дағдыларының
деңгейі:** Қолдану

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Оқиғаның ретін анықтайды.
- Мәтіннің мазмұнын жүйелі баяндайды.


Тапсырма

Ертегіні мұқият тыңдаңыз.

Ертеде қияр мен орамжапырақ дос болыпты. Бір күні екі дос суға шомылуға өзенге келіпті. Қияр тез шешініп, суға күмп беріпті де, жүзе жөнеліпті.

Орамжапырақ қабат-қабат «көйлегін» бір-бірлеп шешкеншे күн батып, қас қарайыпты. Осыған дейін су ішінде қалышылдап тұрған қиярдың терісі әбден күлдіреп кетіпті. Қиярдың қабығындағы бүршіктер содан пайда болыпты деседі.

- Суреттерді оқиғаның реті бойынша нәмірлеңіз.



- Суреттерге сүйеніп, мәтіннің мазмұнын айтыңыз.

Дескриптор: *Білім алушы:*

- суреттерді ретімен белгілейді;
- мәтіннің мазмұнын жүйелі айтады.

Бөлімше 1.4 «Оқиғаны болжау»

Оқу мақсаты:

1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Қолдану


Бағалау критерийі:

Білім алушы

- Тақырып арқылы мәтіннің не туралы болуы мүмкін екендігін айтады.
- Иллюстрация бойынша мәтіннің мазмұнын болжап әңгімелейді..

Тапсырма

Суреттерге мұқият қараңыз. Оқиға немен аяқталуы мүмкін? Сурет бойынша «Айлакер кірпі» тақырыбына әңгіме құрастырыңыз. Жұпта әңгімеленіз.



Дескриптор:

Білім алушы

- суреттердің желісін анықтай отырып, оқиғаның соңын болжайды;
- сурет бойынша әңгіме құрастырып айтады.

Бөлімше 1.5 «Түрлі жағдаяттарда тілдік нормаларды дұрыс қолдану»

Оқу мақсаты: 1.1.5.1 Түрлі жағдаяттарда этикет сөздерін қолдана білу.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Қолдану

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Сыпайы сөздерді атайды.
- Түрлі жағдаяттарда сыпайы сөздерді қолданады.

Тапсырма

Жұлтық жұмыс.

Сыпайы сөздерді қолданып, «Тамақтану әдебі» тақырыбында диалог құрастырыңыздар.



Дескриптор: *Білім алушы*

- тақырып бойынша диалог құрастырады;
- тамақтану кезіндегі сыпайы сөздерді орынды қолданады.

Бөлімше 1.6 «Тыңдаушының назарын аудару»

Оқу мақсаты:

1.1.6.1. Сөйлеу барысында сипаттау/салыстыру сөздерін, вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл), дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті қолдану.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Қолдану

Бағалау критерийі:


Білім алушы

- Сейлеу барысында дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті сақтайды.
- Мәтінің мазмұнын қимылдың, ым-ишараның көмегімен жеткізеді.
- Сейлеу барысында сипаттау/салыстыру сөздерін қолданады.

Тапсырма

Жұптық/топтық жұмыс.

«Азық-түлік дүкенінде», «Асханада», «Спортзалда» т.б тақырыптардың бірін таңдап алып, диалог құрастырыңыздар.



Дескриптор: *Білім алушы*

- тақырып бойынша диалогке қатысады;
- сейлеу барысында қимылды, ым-ишараны орынды қолданады.

Бөлімше 1.7 «Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айтуда

Оқу мақсаты:	1.1.7.1 Тыңдалған мәтінге өз көзқарасын жай сөйлеммен білдіру (ұнайды/ ұнамайды).
Ойлау дағдыларының деңгейі:	Қолдану Бағалау
Бағалау критерийі:	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">• Мәтінге қатысты пікірін айтады.• Өз көзқарасын түсіндіреді.

Тапсырма

Мәтінді мұқият тыңдаңыз.

Шие тергенде

Жанат пен Қанат шие теруге орманға келді. Көп ұзамай шие көп өскен жерге жетті. Жанат терген шиесін себетке салды. Қанат тойғанынша жеп, содан соң ойнап кетті.

Екеуі таза ауада жақсы демалды. Үйлеріне көнілді оралды. Жанат себеттегі піскен шиені анасына берді. Анасы оған алғысын айтып:

- Өскенде сен мені асырайды екенсін, - деді.

Мұны естіген Қанат қатты ұялды. Көзі жасаурап, сыртқа шығып кетті.

- Мәтін кім/не туралы?
- Қанат неге ұялды деп ойлайсыз?
- Сізге қай баланың әрекеті ұнады? Неліктен?

Дескриптор: *Білім алушы*

- мәтіннің тақырыбын анықтайды;
- мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді;
- кейіпкерлер туралы ойын айтады.

Бөлімше 1.8 «Берілген тақырыпқа әңгіме құрап айту»

Оқу мақсаты: 1.1.8.1. Берілген сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айтуды.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Қолдану

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Сюжетті суреттерді сипаттайтынды.
- Сюжетті суреттерді реті бойынша әңгіме құрастырып айтады.

Тапсырма

Суреттерге мүқият қараңыз. Оқиғаның ретін анықтап, белгілеңіз. Сурет бойынша әңгіме құрастырыңыз.



- Жұпта әңгімеленеңіз.

Дескриптор: *Білім алушы*

- сюжетті суреттердің байланысын анықтап, ретін жазады.
- сурет бойынша әңгіме құрастырады;
- құрастырған әңгімені жүйелі баяндайды..

Бөлімше 1.9 «Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту»

Оқу мақсаты:	1.1.9.1. Сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажырату және дұрыс дыбыстау.
Ойлау дағдыларының деңгейі:	Білу және түсіну Қолдану
Бағалау критерийі:	<i>Білім алушы:</i> <ul style="list-style-type: none">• Сөздегі дыбыстардың түрлерін (дауысты/дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) анықтайды.• Дыбыстарды дұрыс айтады.

Тапсырма

Жұмбақтарды шешіңіз. Шешуін жазыңыз және сөзге дыбыстық талдау жасаңыз.

Іші жұмсақ, сырты қатты, Еті қызыл, сүті тәтті. Бұл не?	Өзі аптақ қардай, Шайға салсан, балдай. Бұл не?
---	---

Дескриптор:	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">- жұмбақтардың шешуін жазады;- жұмбақтардың шешуіне дыбыстық талдау жасайды.
--------------------	--

Бөлімше 1.9 «Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту»

Оқу мақсаты:	1.1.9.2 Дыбыстардың мағына ажыратушылық қызметін түсіну.
Ойлау дағдыларының деңгейі:	Білу және түсіну Қолдану
Бағалау критерийі:	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">• Сөздегі өзгерген дыбыстарды атайды.• Дыбыстың сөз мағынасын өзгертуге қатыстылығын түсіндіреді.

Тапсырма

Анаграмманы мүқият тыңдаңыз және шешуін жазыңыз. Сөздегі өзгерген әріптердің астын сызыңыз және сөздің мағынасын түсіндіріңіз.

Сөз басында «Б»-болса, Бас киімің боламын. Сөз басында «Ө»-болса, Жазда пісіп толамын. (... -)	Егер «М»-дан бастасан, Тағамның бір түрімін. «М»-ны алып таастасан, Тұнгі аспанның нұрымын. (... -)
--	---

Дескриптор: *Білім алушы*

- анаграмманың шешуін жазады;
- өзгерген дыбыстарды атайды;
- сөздің мағынасын түсіндіреді.

Бөлімше 1.9 «Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту»

Оқу мақсаты:	1.1.9.3. Сөздің буыннан тұратынын түсіну және сөздегі буын санын анықтау.
Ойлау дағдыларының деңгейі:	Қолдану
Бағалау критерийі:	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">• Сөзді буынға бөледі.• Сөздегі буын санын анықтайды.

Тапсырма

Суреттерге мұқият қараңыз. Сөздердің буын санын анықтаңыз. Оларды буын санына қарай топтастырып айтыңыз.



Дескриптор:	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">- бір буынды сөздерді атайды;- екі буынды сөздерді атайды;- үш буынды сөздерді атайды.
--------------------	---

Бөлім «Оқылым»

Бөлімше 2.1 «Оқу түрлерін қолдану»

Оқу мақсаты:

1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындал оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.

Ойлау дағдыларының деңгейі:

Қолдану

Бағалау критерийі:

Білім алушы

- Буындал немесе тұтас сөздермен оқиды.
- Түсініп оқиды.

Тапсырма

Мәтінді түсініп оқыңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Жалбыз

Жалбыз – денсаулыққа пайдалы өсімдік. Оның иісі жақсы. сулы жерлерде өседі.



Кейбір  , беті-қол жуатын сабында, тіс пастасында жалбыздың иісі бар. Жалбыздан дәрі жасалады.

- Мәтін не туралы?
- Жалбыз қайда өседі?
- Жалбыздан не жасайды?

Дескриптор: *Білім алушы*

- мәтінді түсас сөздермен және қатесіз оқиды;
- мәтінді түсінгенін сұрақтарға жауап беру арқылы көрсетеді.

Бөлімше 2.2 «Оқу түрлерін қолдану»

Оқу мақсаты:	1.2.2.1 Мәтінде автордың кім (не) туралы айтқысы келгенін түсіну.
Ойлау дағдыларының деңгейі:	Қолдану Анализ
Бағалау критерийі:	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">• Мәтіннің тақырыбын анықтайды.• Автордың ойын болжап айтады.

Тапсырма

Мәтінді оқыңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Спорт алаңы

Мектептің жанында спорт алаңы бар. Спорт алаңы аса кең. Онда балалар доп ойнайды, жарыстар болады. Жақында футболдан жарыс өтті. Біздің сынып командасы бірінші орынды иеленді.

Спортпен шұғылдану – денсаулыққа пайдалы.

1. Мәтінде не туралы айтылған?
A) футбол туралы
B) команда туралы
C) спорт туралы
D) жарыс туралы
2. Спорт алаңы қандай?
A) тар
B) жасыл
C) кең
D) әдемі
3. Мәтін арқылы автор не айтқысы келді деп ойлайсыз?

Дескриптор:	<i>Білім алушы</i>
	- мәтіннің не туралы екенін айтады; - автордың ойын түспалдайды.

Бөлімше 2.3 «Мәтіннің құрылымдық бөліктерін ажырату»

Оқу мақсаты:	1.2.3.1 Мұғалімнің көмегімен оқыған мәтіннің тақырыбын, басын, ортасын, соңын анықтау.
Ойлау дағдыларының деңгейі:	Білу және түсіну Қолдану
Бағалау критерийі:	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">Мәтіннің құрылымдық бөліктерін ажыратады.Мәтіннің құрылымдық бөліктерін анықтайты.Мәтінге ат қояды.

Тапсырма

Берілген сөйлемдерді мұқият оқыңыз. Мәтіннің басын, ортасын және соңын анықтаңыз. Оларды мәтіннің бөліктерінің атауымен сәйкестендіріңіз.

Балалардың бәрі
сабакта. Ал Ермек болса
ауырып, үйде қалды.
Жалғыз өзі әбден зерікті.

Бүгін оған Алмас пен
Нұрлан келді. Хал-
жағдайын сұрады. Олар
Ермекке әдемі суретті
кітап әкеліпті.

Ермектің
осындай
достары
бар.

ортасы

соңы

басы

- Мәтін не туралы?
- Мәтіннің басында не туралы айтылған?
- Мәтіннің ортасында қандай оқиға баяндалады?
- Мәтіннің соңғы бөлігін оқыңыз. Ермектің достары қандай деп ойлайсыз?
- Мәтінге ат қойыңыз.

Дескриптор: *Білім алушы*


- мәтіннің құрылымдық бөліктерін анықтайты;
- мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді;
- мәтінге ат қояды.

Бөлімше 2.4 «Мәтіндегі сөздердің мағынасын түсіну»

Оқу мақсаты:	1.2.4.1 Мұғалімнің көмегімен қарама-қарсы мағыналы, мәндес, көп мағыналы сөздердің мағыналарын ажырату.
Ойлау дағдыларының деңгейі:	Қолдану
Бағалау критерийі:	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">Сөздердің лексикалық мағыналарын ажыратады.Қарама-қарсы мағыналы сөздерді табады.Көп мағыналы сөздердің мағынасын анықтайды.

1-тапсырма

Әр жұп суреттегі заттарды сипаттайтын қарама-қарсы мағыналы сөздерді айтыңыздар.



Дескриптор: *Білім алушы*

- суреттерді сипаттайтын қарама-қарсы мағыналы сөздерді тауып айтады.

2-тапсырма

Берілген сұзбаға мұқият қараңыз. Сөйлемді оқыңыз және әр түрлі мағынада айтылған сөзді анықтаңыз.



- Көп мағыналы сөздерге мысал келтіріңіз және мағынасын түсіндіріңіз.

Дескриптор: *Білім алушы*

- сызбада берілген көп мағыналы сөзді анықтайды;
- көп мағыналы сөздерге мысал келтіреді;
- көп мағыналы сөздердің мағынасын түсіндіреді.

Бөлімше 2.5 «Мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу»

Оқу мақсаты:	1.2.5.1 Мәтін иллюстрациясы бойынша сұрақтар қоя білу немесе оқығаны бойынша қойылған сұраққа жауап беру.
Ойлау дағдыларының деңгейі:	Қолдану
Бағалау критерийі:	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">• Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақ қояды.• Мәтіннің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді.

Тапсырма

Мәтінді қатесіз, түсініп оқыңыз. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

Мол өнім

Қанаттың атасы – бағбан. Бірде ол баққа алма ағашын отырғызды. Қанат атасына көмектесті. Алма ағашы жайқалып өсе бастады. Бірақ алма ағашында зиянды құрттар пайда болды. Атасы құрттарға қарсы дәрі шашты.

Жаз соңында Қанат пен атасы алмадан мол өнім алды.

1. Қанаттың атасы кім?

- A) егінші
- B) бағбан
- C) диқан
- D) бақшашы

2. Алма ағашына нелер зиян келтірді?

- A) қарғалар
- B) құрттар
- C) торғайлар
- D) дәрілер

- Мәтін бойынша екі сұрақ құрастырып жазыңыз.

Дескриптор: *Білім алушы*

- мәтін бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді;
- мәтіннің мазмұны бойынша сұрақ құрастырып жазады.

Бөлімше 2.6 «Мәтіннің түрлері мен жанрын, стилін анықтау»

Оқу мақсаты:

1.2.6.1* Мұғалімнің көмегімен мәтіннің стилін (көркем және бейкөркем) ажырату.

Ойлау дағдыларының деңгейі:

Білу және түсіну

Бағалау критерийі:

Білім алушы

- Мәтіннің ерекшелігін сипаттайтын;
- Мәтіннің стилін (көркем/ бейкөркем) анықтайтын.

Тапсырма

Берілген мәтіндерді түсініп оқыңыз. Олардың қандай айырмашылығы бар?

1-мәтін

Сержанның сүйкімді күшігі бар. Оның аты – Ақтөс. Күшіктің түсі қара. Тәсі ақ. Сержан күшігін жақсы көреді.

2-мәтін

Кішкентай қара күшік жоғалып кетті. Көмектесініздерші. Телефон: 30-41-10

- Бейкөркем стильде жазылған мәтінді анықтаңыз және сәйкес нөмірді жазыңыз.



Дескриптор:

Білім алушы

- мәтіндерді салыстырады;
- мәтіндердің ерешелеіктерін сипаттайтын;
- мәтіндердің айырмашылығын сипаттайтын;
- бейкөркем стильдегі мәтінді анықтайтын.

Бөлімше 2.7 «Түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты алу»

Оқу мақсаты:	1.2.7.1 Әліпби ретімен құрылған дереккөздерден (сөздіктер, анықтамалықтар, суретті кітаптар, энциклопедия) ақпараттарды табу.
Ойлау дағдыларының деңгейі:	Қолдану
Бағалау критерийі:	<p><i>Білім алушы</i></p> <ul style="list-style-type: none">• Қажетті ақпаратты дереккөздердің (сөздіктер, анықтамалықтар, суретті кітаптар, энциклопедия) әліпби ретіне сүйеніп іздейді.• Қажетті ақпаратты табады.

Тапсырма

Жұптық жұмыс.

Әр түрлі дереккөздерді пайдаланып, сүттен жасалатын ұлттық тағамдардың бірі туралы ақпарат табыңыз.

Алған ақпаратыңызбен бөлісіңіз.

- Айран**
- Қымыз**
- Шұбат**



Дескриптор:	<i>Білім алушы</i> - ақпаратты табу үшін дереккөздердің әліпби ретін қолданады; - берілген сөздерге қатысты ақпаратты анықтайды.
-------------	--

Бөлімше 2.8 «Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау»

Оқу мақсаты: 1.2.8.1 Мұғалімнің көмегімен түрлі жанрдағы (ертегі, әңгіме, өлең) және стильдегі (көркем және бейкөркем) мәтіндерді салыстыру.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Білу және түсіну
Қолдану

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Мәтіндерді салыстыру арқылы жанры мен ерекшеліктерін атайды.
- Мәтіннің стилін анықтайды.

Тапсырма

Мәтіндерді түсініп оқыңыз. Олардың жанрын анықтаңыз және берілген жанр түрлерімен сәйкестендіріп сызыңыз.

Сәбіз

Марат екеуміз бақшаға
сәбіздің тұқымын септік.
Оны үнемі суарып тұрдық.
Арам шөптерін отадық.
Тығыз өсіп тұрған артық
сәбіздерді жұлып арасын
сиреттік. Күзде көп өнім
алдық.

өлең

ертегі

Сәбіз

Кім бар сәбіз шырынын
Жастайынан ішпеген?
Мені жеген адамдар,
Кем болмайды күшке де.

әңгіме

- Мәтіндердің қандай ұқсастықтары және айырмашылықтары бар?
- Мәтіндер қай стильде жазылған?

Дескриптор: *Білім алушы*

- мәтіндердің жанрын атайды;
- мәтіндердің ұқсастықтарын сипаттайды;
- мәтіндердің айырмашылықтарын анықтайды;
- мәтіндердің қай стильде жазылғандығын айтады.

Бөлімше 2.9 «Дыбыс пен әріпті тану және ажырату»

Оқу мақсаты:

1.2.9.1 Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру.

Ойлау дағдыларының
деңгейі:

Қолдану


Бағалау критерийі:

Білім алушы

- Әріпперді таниды және ажыратады.
- Әріпті дыбыспен сәйкестендіріп оқиды.

Тапсырма

Көп нүктенің орнына тиісті әріпті қойып, сөздерді оқыңыз.



- Әр сөзде неше әріп, неше дыбыс бар?

Дескриптор:

Білім алушы

- көп нүктенің орнына тиісті әріпті қойып оқиды.
- сөздегі әріп пен дыбыс санын анықтайты.

Бөлімше 2.9 «Дыбыс пен әріпті тану және ажырату»

Оқу мақсаты: 1.2.9.2. Дыбыстардың сөздегі қызметтін түсіну (ъ, ъ таңбалары, ф, в, ц, ч дыбыстары, ё, ю, я қосарлы дыбыстары) және дұрыс оқу.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Қолдану

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- я, ю, ё дыбыстары бар сөздерді қатесіз оқиды.
- я, ю, ё дыбыстарының дыбысталу ерекшелігін түсіндіреді.

Тапсырма

Сөйлемдерді оқыңыз. Суретті сәйкес сыйбамен байланыстырып сыйыңыз және атауын жазыңыз.



сәбіз жеді.



балды жақсы көреді. Асанның ағасы –



-
- Не байқадыңыз? Сөзде неше дыбыс, неше әріп бар? Неліктен?

Дескриптор: *Білім алушы:*
- сөйлемдерді қатесіз оқиды;
- суретке сәйкес сыйбаны анықтайды;
- суреттің атауын қатесіз жазады;
- я, ю, ё әріптерінің дыбысталу ерекшеліктерін түсіндіреді.

Бөлім «Жазылым»

Бөлімше 3.3 «Жоспар құру»

Оқу мақсаты:

1.3.3.1 Мұғалім көмегімен мәтінге суреттер, сызбалар арқылы жоспар құрып, оған ат (тақырып) қою.

Ойлау дағдыларының деңгейі:

Қолдану

Бағалау критерийі:

Білім алушы

- Оқиғаның ретін анықтай отырып мәтінге суреттер/сызбалар арқылы жоспар құрады.
- Мәтінге ат (тақырып) қояды.

Тапсырма

Мәтінді мүқият тыңдаңыз.

Бірде кішкентай көжектің анасы ауырып қалды. Ол анасын емдейтін дәрі іздеп шықты.

Көжек орманды аралап, қатты шаршады. Содан соң бір ағаштың түбіне отырып, жылай бастады.


- Жылама. Мына алманы анаңа апарып бер, - деді ағаш. Көжек қуанып кетті.

Алманы анасына әкеліп берді.

Анасы алманы жеп, дәнін топыраққа көміп қойды. Одан үлкен алма ағашы өсіп шықты.

Енді көжек аюға да, тышқанға да, кірпіге де дәмді алма сыйлайтын болды.

- Мәтін не туралы?
- Мәтінді неше бөлікке бөлуге болады?
- Өр бөлігінде не туралы айттылған?
- Берілген үлгіні жалғастырып, мәтінге жоспар құрыңыз



- Мәтінге ат қойыңыз.

Дескриптор *Білім алушы*

- мәтіннің тақырыбын анықтайтын;
- мәтінді мазмұны бойынша бөліктеге бөледі;
- мәтінге сурет/сызба арқылы жоспар құрастырады;
- мәтінге ат қояды.

Бөлімше 3.4 «Оқыған/тыңдаған материалдың мазмұнын жазу»

Оқу мақсаты: 1.3.4.1. Мұғалім көмегімен оқыған/тыңдаған мәтіндердегі ақпаратты сурет, сызба, белгілер қолданып жеткізу.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Қолдану

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Мәтіндегі оқиғаның ретін анықтайды.
- Мәтінге қатысты ақпаратты сурет/сyzба/белгілерді қолданып жеткізеді.

Тапсырма

Мәтінді мүқият тыңдаңыз. Мәтіннің мазмұнын суретпен/сyzбамен жазып көрсетіңіз.

Есік алдында жатқан бір түйір Бидай мен Жүгері таласты да қалды:

- Мен ірімін, - деді Бидай.
- Жоқ, мен! - деді Жүгері.

Сейтіп олар көзге түсіп қалды. Өтеш келді де, екеуін екі шоқып жеп алды.

- Орынсыз айтыстың нәтижесі не болды? Жұпта әңгімеленіз.

Дескриптор: *Білім алушы*

- мәтінді оқиғаның ретін анықтайды;
- мәтінге қатысты ақпараттарды сурет/сyzба арқылы бейнелейді.
- мәтіннің мазмұны бойынша ой қорытып айтады.

Бөлімше 3.5 «Мәтінді түрлі формада құрастыру»

Оқу мақсаты:

1.3.5.1 Тақырыпқа байланысты керекті сөздер, сызбалар, суреттер, белгілерін қолдана отырып, жай сөйлемдер/мәтін құрастыру және жазу.

Ойлау дағдыларының деңгейі:

Қолдану

Бағалау критерийі:

Білім алушы

- Тірек сөздер/сызбалар/суреттер/белгілердің көмегімен жай сөйлемдер/шағын мәтін құрастырып жазады.

Тапсырма

Мәтіннің бастапқы бөлігін мұқият тыңдаңыз. Суретке сүйеніп, берілген мәтінді аяқтап жазыңыз.

Айдар бүгін ерте оянды. Ол алдымен жаттығу жасады, төсегін жинады.
Содан соң..



Дескриптор: *Білім алушы*

- мәтіннің бастапқы бөлігіне сүйеніп, сурет бойынша әңгіме құрастырады;
- мәтінді сурет/сызба/тірек сөздерді қолдана отырып жазады.

Бөлімше 3.6 «Түрлі жанрда шығармашылық мәтін жазу»

Оқу мақсаты: 1.3.6.1 Мұғалімнің көмегімен өр түрлі жанр бойынша (хат, құттықтау хат, хабарлама, нұсқаулық) шағын мәтін/жай сөйлемдер құрап жазу.

Ойлау дағдыларының дәңгейі: Қолдану

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Өр түрлі жанрда (хабарлама/ нұсқаулық) сөйлемдер /мәтін құрап жазады.

Тапсырма

Жұптық жұмыс.

Суреттер мен тірек сөздерді пайдалан отырып, жеміс салатын жасауға арналған нұсқаулық жазыңыздар.

Жанрын



Алдымен ...



Содан соң ...



Соңында ...

Жеміс салаты дайын болды. Ас болсын!

Дескриптор: *Білім алушы*

- суреттің реті бойынша нұсқаулық жазады;
- нұсқаулықтың жанрын сақтап жазады;
- сөйлемдерді қатесіз жазады.

Бөлімше 3.7 «Қатені табу және түзету»

Оқу мақсаты: 1.3.7.1 Мұғалімнің көмегімен сөз, сөйлем, мәтінді тексеру және қателерін түзету.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Қолдану

Бағалау критерийі: *Білім алушы:*

- Сөз, сөйлем, мәтінде жіберілген қателерді анықтайды.
- Мұғалімнің көмегімен қатені түзетеді.

Тапсырма

Суреттің орына тиісті сөздерді қойып, сөйлемдерді оқыңыз. Не байқадыңыз? Сөйлемдегі сөздердің орнын ауыстырып, дұрыс сөйлем құрастырып жазыңыз.



пісірді тамақ.



алды жарыста орын бірінші.

Дескриптор: *Білім алушы*

- сөйлемдегі сөздердің байланысында жіберілген қатені анықтайды;
- сөздерді дұрыс байланыстыра отырып, сөйлем құрастырады;
- сөздердің орнын тәртібін сақтай отырып, сөйлемдер жазады.

Бөлімше 3.8 «Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау»

Оқу мақсаты: 1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Қолдану

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Әріп элементтерін дұрыс байланыстырып салады.
- Сөздерді каллиграфиялық талаптарға сай жазады.

Тапсырма

Мәтінді көшіріп жазыңыз.

Бұл – азық-түлік дүкені. Дүкенде нан, сүт, түрлі жемістер мен кекөністер бар. Адамға азық-түлік өте қажет.

Дескриптор: *Білім алушы:*

- әріп элементтерін дұрыс байланыстырады;
- жазу жолын, жоларалық кеңістікті сақтайды;
- сөйлемдерді қатесіз көшіреді.

Бөлімше 3.9 «Орфографиялық нормаларды сақтау»

Оқу мақсаты: 1.3.9.1 Айтылуы мен жазылуында айырмашылығы жоқ сөздерді мұғалімнің айтуы бойынша жазу.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Қолдану

Білім алушы

Бағалау критерийі: • Сөздерді есту арқылы жазады.

Тапсырма

Берілген сөйлемдерді мүқият тыңдаңыз және жазыңыз.

Нұрлан баққа барды. Ағашта өсіп тұрған алманы көрді. Алуға қолы жетпеді. Ол ағашты сілкіледі. Алмалар саулап жерге төгілді.

Дескриптор: *Білім алушы*

- сөздерді есту арқылы қатесіз жазады;


.

Бөлімше 3.10 «Грамматикалық нормаларды сақтау»

Оқу мақсаты:	1.3.10.2 Тәуелдік және жіктік жалғауларының қарапайым формаларын қолдана алу (терминсіз).
Ойлау дағдыларының деңгейі:	Қолдану
Бағалау критерийі:	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">• Тәуелдік жалғауларын дұрыс қолданады.• Жіктік жалғауларын дұрыс қолданады

1-тапсырма

Әже сөзіне тиісті тәуелдік жалғауларын жалғап, сөйлемдерді көшіріп жазыңыз.




Дескриптор: *Білім алушы*

- тәуелдік жалғауларын дұрыс жалғайды;
- сөйлемдерді қатесіз жазады.

2-тапсырма

Сөздер мен суреттерді байланыстыра отырып, сөйлем құрастырып жазыңыз.



Дескриптор: *Білім алушы:*

- суретке сүйеніп, бос орындарға тиісті етістіктерді қояды;
- сөздерге жіктік жалғауларын дұрыс жалғап жазады.

«Педагогикалық шеберлік орталығы» ЖМ типографиясында басылды.
010000, Астана қ., №31 көше, 37а үй.
e-mail: info@cpm.kz.